



# Сыр бойы

№118-119  
(19601-19602)  
11 ТАМЫЗ,  
СЕНБІ  
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ

## PREZIDENT I

### ЕЛБАСЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНА ЖҰМЫС САПАРЫМЕН БАРДЫ

Елбасы Маңғыстау облысына жұмыс сапарымен барды, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы Ақтау қаласына келген соң қала нысандарын аралап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңеске қатысады. Сонымен қатар, сапар барысында Нұрсұлтан Назарбаевтың мультимодальді Құрық портының таныстырылым рәсіміне және Бесінші Каспий саммитіне қатысуы, сондай-ақ жоғары деңгейде бірқатар екі жақты кездесулер өткізуі жоспарланып отыр.



## ҮКІМЕТ I

### ОТЫН ТАПШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Бақытжан Сағынтаев ҚР Үкіметі отырысында отын тапшылығы мәселесін талқылады, деп хабарлайды ҚР Премьер-Министрлігінің баспасөз қызметі.

Елорда мен өңірлерде туындаған, көмір бағасының күрт өсуіне әкелген жағдай монополияға қарсы күрес комитетінің баса назарына ілінген. ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің хабарлағандай, 2017/2018 жылы маусымында көмір тапшылығы мен оның бағасының өсуі фактілері бойынша үш көмір өндіретін компания мен 96 бөлшек-көтерме жеткізушілерге қатысты бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзғандары үшін 21 тергеу басталған. Қазіргі таңда, 20 тергеу аяқталды, оның ішінде 12 жағдайда 50 субъектінің бұзушылыққа орын бергені расталып отыр. Мұнда ШҚО-да көмір нарығында көтерме жеткізушілердің экономикалық іс-әрекетін үйлестірумен

айналысқан «Қаражыра» АҚ көмір өндірушіге қатысты және он өңірде (Астанада, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, ШҚО, Жамбыл, БҚО, Қарағанды, СҚО, Түркістан облыстарында) бағаны өсіруге байланысты келісілген іс-әрекеттерді жасауына немесе картельдер жасауға күдікті ретінде 49 көтерме-бөлшек көмір жеткізушілерге қатысты 11 тергеу. Монополиялық кірісті ескерумен әкімшілік айыппұлдың жалпы сомасы 299 млн теңгені құраған. Қазіргі кезде оның 47,4 млн теңгесі төленді. Қалған айыппұл сомасына қатысты әкімшілік істер соттарда қаралып жатыр. Комитет ақпараттандырағандай, саудасатықтарда картель жасау бойынша Қостанай облысында төрт көтерме жеткізушіге қатысты бір тергеу ісі аяқталып қалды. Энергетика министрлігінің мәліметінше, көмір өндіретін кәсіпорындар осы жылдың жеті айының ішінде 60 млн тонна көмір өндірген, бұл өткен жылғы осындай кезеңге шаққанда 103,9%.

## BÜGINGI SANDA I



### МАКРОЭКОНОМИКА: РЕСПУБЛИКА ЖӘНЕ АЙМАҚТА

2 >>>



### СЫҒАНАҚ

4 >>>



### АГРОСЕКТОРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТА ТҮСУДЕ

5 >>>



### ПУЛЕМЕТШІНІҢ ТАҒДЫРЫ

7 >>>



### АБАЙ МҰРАСЫ - АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

8 >>>

# ЖАРТЫ ЖЫЛ: КӨРСЕТКІШ ЖОҒАРЫ



Өңірлік коммуникация қызметінде облыс әкімінің орынбасары Қуанышбек Бісқақовтың қатысуымен брифинг өтті. Онда аймақтың I жартыжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық дамуы сөз болды.

Сонымен, Іжартыжылдықта өңірлік өнімнің көлемі 318,3 млрд теңгені құрап отыр. Ішкі өнім көлеміндегі облыстың үлесі 2,7 процентті көрсетуде. Сонымен қатар, аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарымен 437,7 млрд теңгенің өнімі өндірілген. Өңдеу өнеркәсібінде де өсім байқалады. Тамақ өнімдерін өндіру, резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінің артуы есебінен өңдеу өнеркәсібінде өсім 0,5 % құрайды.

Сыр өңірі - құрылысы қарқынды дамып келе жатқан бірден-бір аймақ. Әсіресе, халықты көпқабатты тұрғын үймен қамтуда соңғы бес жылда алдыңғы қатарда. Облыс орталығы 14 шағын ауданмен толыққанды болатын. Биыл 42 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы басталды, оның 36-сы осы жылы ел игілігіне берілімек. Жалпы құрылыс жұмыстарының көлемі 24,5

млрд теңгені құрауда. Соңғы жылдары мұнай өндіру көлемі төмендеп отыр.

- Дегенмен, өнеркәсіп өндірісінде өсімді қамтамасыз ету мақсатында аймақ экономикасын әртараптандыру жұмыстары жүргізілуде. Яғни, осы бағытта 22 жоба жүзеге асырылып, қазіргі таңда оның 16-сы бойынша өнім өндіріледі. Сондай-ақ, жалпы құны 100,8 млрд теңгені құрайтын үлкен үш жоба іске қосылды. Олар шыны, цемент зауыттары және балық өңдеу цехтары. Бұл жоба іске асса 600-ге жуық адам жұмыспен қамтылатын болады, - деді Қ.Досмайылы.

Қай салада болмасын өсу динамикасы басым. Мәселен, ауыл шаруашылығы саласында 17,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 2,7 % құраса, есепті кезеңде 15,8 мың тон-

на тірілей салмақтағы мал және құс еті, 38,6 мың тонна сиыр сүті, 3,4 млн дана жұмыртқа өндірілген. Ал, өткен жылмен салыстырғанда жүк тасымалдау көлемі 0,2 % өсіп, 42,3 млн тоннаны құраған. Сонымен қатар, жұмыссыздық деңгейі 4,8 % көрсетсе, бірінші жартыжылдықта 13712 адам жұмыспен қамтылған. Оның ішінде тұрақты жұмыспен 7699 адам, жергілікті бюджет есебінен төленетін қоғамдық жұмыстарға 3833, жастар тәжірибесімен 1447, әлеуметтік жұмыстарға 733 адам орналасқан.

Ал, мемлекеттік бюджетке есепті кезеңде 63,8 млрд теңге салық пен басқа да міндетті төлемдер түсіп, болжам 112,3 процентке өнімделген. Оның ішінде республикалық бюджетке 33,9 млрд, жергілікті бюджетке 29,9 млрд теңге түсіп түскен.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы».

## IGILIK I

# Жаңа көпір – уақыт өткелі

«Көпір салған сауап арқалайды» деген бар. Соңғы төрт-бес жылдың бедерінде талайdan бері шешімін таппай келген көпірге қатысты күрмеудің түйіні тарқағанын жұрт жақсы біледі.

Қаншама халықтың қатынас жолын ашқан көпір құрылысы бір ғана Сырдария ауданында қандай қуанышпен ашылды. Міне, сондай игілікті іс Қазалы ауданында да қолға алынды. «Қазалы-Көлдералық-Бекарыстан би-Жаңақұрылыс» автомобиль жолының «Әлсейт» учаскесінде Сырдария өзені арқылы өтетін көпір құрылысының іске қосылуын осы беткейдегі тұрғындар тағатсыздана тосуда. Бұған дейінгі қалқымалы көпір күзгі және көктемгі су тасқыны, сең қозғалысы туындаған сәттерде жұртшылыққа елеулі қиындық туындататын. Бұл жерден Қазалының Бекарыстан би, Майдакөл, Туктібаев ауылдарына қоса Арал ауданының да әлденеше елді мекендерінің тұрғындары қатынастынын ескерек, көпірдің қаншалықты маңызды екенін айтпай-ақ түсінуге болады. Сең көшкен, ел аузында абыржы атанып кеткен кезеңде қалқымалы

көпір жұмысын уақытша тоқтатпандықтан жұртшылық шын мәнінде абыржуға түсетін. Енді бұл тығырықтан шығар жол табылмақшы.

«Қазіргі таңда жоба құны 2 791 млн теңгені құрайтын Сырдария өзені бойында орналасқан Әлсейт көпірінің құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Өткен жылдың қыркүйегінде басталған нысан келер жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде. Бүгінгі таңда көпірдің астыңғы тірек бөліктерін бұрғылап, бетон құю жұмыстары жүргізілуде. Нысанның құрылыс-монтаж жұмыстарына қажетті жоғары кернеулі электр желісі тартылып, қосалқы электр стансасы орнатылды. Көпірде екі жолақты автокөлік жүретін жүріс бөлігі, жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлар қаралған. Мердігер мекеме «КА-Строй ЛТД» ЖШС болса, техникалық қадағалаушы «СК-Энерго-ОИЛ» ЖШС,

авторлық қадағалаушы «Тека-Проект» ЖШС болып белгіленген» дейді мамандар.

Әрине, күн санап еңсе көтеріп келетін бұл көпірдің құрылысы көптің көңілін де сергіте түскендей. «Әлсейттегі» көпір құрылысы басталғалы халықтың шаттығында шек жоқ, Олай болуы орынды. Қазалы мен көршілес Арал ауданынан он мыңға жуық тұрғын қатынап, жол азабын тартып жүргендігі белгілі. Тұрғындарға, әсіресе абыржуға қалқымалы көпірден өтіп, аудан орталығына бару қиямет болатын. Сонау Басықара жақпен айналып жүруімізге тура келеді. Көпір құрылысы толық аяқталғанда бұл қиындық ұмыт болатынына сенімдіміз. Жаңа өткел жаңа өмір тынысы іспетті. Сондықтан халыққа үлкен жағдай жасап, қаншама күрмеулі мәселенің шешімін тауып отырған облыс, аудан басшылығына алғыс білдіреміз» - дейді Бекарыстан би ауылының тұрғыны Сағындық Құтпанбетов.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
Қазалы ауданы.

## QURYLSSHYLAR KUNI QARSAINYDA I



# ӨСКЕН ӨҢІРДІҢ ӨМІРІ

«Туған қаламды  
танымай қалдым»

Алматыдан келген қонақтарымызды ертіп, дария жағалауын қыдырыстап жүрміз. Қаланың түнгі жарығы Сырдарияның бетіне өзгеше өрнектер салып, ұлы дария моп-момақан қалыппен ағып жатыр екен. Жағалауда адам қарасы қалың. Күндізгі аптап ыстықтан кейін бой сергітуге шыққандар да, велосипед тепкен үлкен-кіші де осында. Дариядан ескен салқын сабат, жаяу жүргіншілерге арналған ыңғайлы жол болғандықтан, бұл аумақтан адам арылмайтын сияқты.

Қызылорданы соңғы 5 жылда көрмеген мейманмыз таңғалғаннан, «25 жасымға дейін өмір сүрген туған қаламды - Қызылордамды танымай қалдым» деумен болды. «Арайдағы» жаңа шағын аудандар, дарияны жиектей салынған жол, арғы беттегі алып қрандар, құрылыстар... Бұрын бұлардың бірі де жоқ еді. Қазір қаланың төрт тарабы да кеңейгенін, қай бұрышында да құрылыстар салынып жатқанын айтып, «келесі келгеніңде, дарияның сол жағалауына қыдырамыз» деп келістік.

Әдетте, таудың биіктігі етегінде жүргендерге байқалмайтын секілді, осы жерде өмір сүріп жатқан адамдар көп нәрсеге мән бермейді екенбіз. Сырт көзге бірден аңғарылған өзгерістерге өзіміз де таңғалып тұрдық. Айналадағы әсемдікке көз тоқтатып, өзен жағалауындағы ірі қалалардың үлгісін дамып келе жатқан Қызылордамның үшін кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді. Кісіасырлық тарихында дарияның оң жағалауында орналасқан Қызылорда өзінің үшінші жүзжылдығын сол жағалауда бастамақ. Түсіне білген адамға бұл - тарихи кезең. Болашақта сіз бен біз күз болған жайттар архив деректеріне қатталып, шаһар тарихын зерттеушілерге рухани азық болары сөзсіз.

3-бет

Кеше Сырдария ауданының құрылғанына 90 жыл толуына арналған мерекенің алғашқы күн шаралары өтті. Айтұлы мерейтойға туған жерден түлеп ұшқан, елімізге белгілі азаматтар жиналды. Құрметті қонақтар алдымен аудан орталығында «Парасат» алаңының ашылу салтанатына қатысты.



# ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН, УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН

Алаңның салтанатты ашылуында аудан әкімі Фанибек Қазантаев сөз сөйлеп, аудан тұрғындары мен мерейтой қонақтарын айтұлы мерекеміз құттықтады.

- Туәлсіз қазақ елінің тарихында өзіндік орны, бай шежіресі бар Сырдария ауданының 90 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Жайқалған ақ күрші мен жерасты мұнайынан табысы тасқынды, өнері мен мәдениеті өрге басқан, 40 мың халқы бақытты өмір сүріп, берекелі еңбек етіп жатқан ауданның 90 жылдық белесі - бәріміз үшін зор қуаныш. Тамыры терең тарихында ұзақ жылдар «Тереңөзек ауданы» деп аталып, бірлігі бекем аудан ретінде танылған, бүгінде өсіп-өркендеп, жаңарып-жасарған, көрікті де көркем Сырдария ауданы тұғырлы Туәлсіздігіміздің жемісі, - деді аудан әкімі.

6-бет





SHOLY I

# Макроэкономика: Республика және аймақта

**Республикада және аймақта үстiмiздегi жылдың алғашқы жартыжылдығының қорытындысы жария етілді. Аталған мерзімде бiрлi-жарым салаларды есепке алмағанда макроэкономикалық негiзгi көрсеткіштер бойынша тәуір нәтижелерге қол жеткізілді.**

## ҚАРЖЫ-НЕСИЕ РЫНОҒЫ

Республикада тұтынушылық кредит-теудің қарқыны мамырда жылдық көрсеткіш бойынша 19,4%-ке дейін өсті. Халықтың нақты кірістерінің өсуі сәуірдегі кейбір бәсеңдеуге қарамастан, оң сипатқа ие болып отыр», – деді Қазақстан Ұлттық Банкінің төрағасы Д. Ақышев. Оның айтуынша, тұтынушылық жиынтық сұраныстың кеңейіп отырғандығын факторлардың бірі бюджет саясатының әлеуметтік бағыты

Қаржы сарапшыларының пікірінше, кредит нарығының қалпына келуі жалғасуда. Қаңтар-мамырда жаңа кредиттер беру өткен жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 24%-ке немесе 915 млрд теңгеге артты. Кәсіпорындардың теңдегі кредиттері бойынша орташа мөлшерлеме 2017 жылғы желтоқсандағы 13,2%-тен 2018 жылғы мамырда 12,5%-ке дейін төмендеді.

## ТҰРҒЫН ҮЙ САТЫП АЛУ, САТУ

2018 жылғы қаңтар-маусымдағы тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны 119 104 құрады, деп хабарлайды Вақ.кз ақпарат агенттігі Статистика комитетіне сілтеме жасап.

Осы ретте, маусым айында тұрғын үйді сатып алу-сатудың тіркелген мәмілелерінің саны 23840 құрады. Мамыр айымен салыстырғанда ол 6,6% көрсетті.

«ДЕГЕНМЕН, ОСЫ УАҚЫТ ІШІНДЕ ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТАРАПТАНДЫРУҒА МҮМКІНДІК ТУДЫ. ОБЛЫС КӨМІРСУТЕГІ МЕН УРАН ӨНІМДЕРІНІҢ БАҒАСЫ ТҮСІП КЕТКЕНІНЕ ҚАРАМАСТАН, ЖАҚСЫ ӨМІР СҮРІП, ҚАРҚЫНДЫ ДАМУҒА БОЛАТЫНЫН ДӘЛІЛДЕДІ. ҚАЗІР ӨНІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ КӨМІРСУТЕГІ ШИКІЗАТЫНА ТӘУЕЛДІЛІГІ ЕДӘУІР АЗАЙДЫ. ОБЛЫС ЖАЛПЫӨНІРЛІК ӨНІМ БОЙЫНША СОҢҒЫ 4 ЖЫЛДА, АЛҒАШ РЕТ ОҢ ВЕКТОРҒА ШЫҚТЫ. ҚАЗІРГІ КҮНІ АЙМАҚТА ӨНДІРІЛГЕН МҰНАЙ КӨЛЕМІНІҢ 70%-І ІШКІ НАРЫҚТЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІНЕ ЖҰМСАЛСА, ҚАЛҒАН БӨЛІГІ ЭКСПОРТҚА БАҒЫТТАЛЫП КЕЛДІ.»

2018 жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша өсу байқалады. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінің өндіріс көлемі өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 100,5 процентті құрады. Ал әлеуетті саланың бірі – құрылыс жұмыстарының көлемі 15,9%-ке ұлғайған. Айталық, 2018 жылдың алғашқы алты айында пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 228 050 шаршы метрді құрап отыр. Облыс бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың көлемі 87049 млн теңгені құрап, нақты индекс көлемі 117,2%-ке өскен. Сондай-ақ, есепті кезеңде ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 2,7% өсіп, бөлшек сауда өсімі 1,1 процентті құраған.

Президент Жолдауында белгіленген негізгі 10 бағыттың біріншісі индустрияландыру, оның ішінде өңдеу секторы болып табылады. Өңдеу өнеркәсібінде 2018 жылдың қаңтар-маусымда басқа санаттарға кіргізілмеген машиналар мен жабдықтар жасау – 2,3 есеге, дайын металл бұйымдарын жасау – 2,1 есеге, резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру – 33,3%, жиһаз жасауда – 3,3%, машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнатуда 1,9%-ке өсім байқалды.

## БЮДЖЕТ ТҮСІМІ ӨСТІ

Еліміздің 2050 жылға дейінгі стратегиясына негізделген басым бағыттардың бірі – электронды форматқа көшу арқылы мемлекеттік қызмет түрлерін жеңілдету, оны алушыға қолайлы жағдай жасау. Осы ретте мемлекеттік кірістер органдары нақты жұмыстар атқарып, бірқатар міндеттерді жүйелі орындауда. Мәселен, Жолдау аясындағы ілкімді жобалардың бірі «Салықтың жиналуын көтеру» бойынша облыс көлемінде мемлекеттік кірістер департаменті осы жылдың бірінші жартыжылдығында шоғырландырылған бюджетке 151,1 млрд теңге түсімін қамтамасыз еткен. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 45,8 млрд теңгеге артық. Оның ішінде мемлекеттік бюджетке түсіріліні 61,3 млрд теңге, яғни тапсырма 108,6 процентке орындалған. Ал, республикалық бюджетке түсірілген салық көлемі 33,5 млрд теңге, өткен жылмен салыстырғанда 6,6 млрд теңгеге артық.

Негізінен облыстың макроэкономикалық көрсеткіштерінің жақсаруы ықпал жасады, яғни, өңдеу өнеркәсіп өнімдері 100,5%-ке, құрылыс көлемі 115,9%-ке, ауыл шаруашылығы өнімдері 102,7%-ке өсті. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 6,4%-ке артып отыр. Салықтық және келендік әкімшілендірудің күшейтілуі арқасында 14,2 млрд теңгенің қосымша кіріс көздері қамтамасыз етілді. Бизнеске қолайлы жағдай жасау аясында салықтық тексерулер саны өткен жылмен салыстырғанда 46%-ке азайды. Тексерулер нәтижесінде 8 млрд теңгенің қосымша салықтары есептеліп, алдыңғы жылдардағы сомаларды қосқанда 10,4 млрд теңге өндірілді.

Жалпы республика мен облыста 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында осындай макроэкономикалық көрсеткіштерге қол жеткізілді. Бұл алдағы уақытта жалпы қалды нәтижелі қорытындылауға негіз қалайтын болады.

Ж.ӘЛМАХАН.

BRIFING I



# ДЕНСАУЛЫҚ САЛАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУЫП КЕЛЕДІ

**Биылғы жыл денсаулық сақтау саласында жаңа белес кезеңі болып отыр. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ақмарал Әліназарова мәлімдеді.**

2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы аясында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Бағдарламаның негізгі индикаторлық көрсеткіші өмір сүру ұзақтығы. Облыс бойынша бұл көрсеткіш биылғы жылдың қорытындысымен 72,2 жасқа жетуі тиіс болса, республикалық индикатор 72,6 жас. Соңғы 3 жылда өмір сүрудің күтілетін ұзақтығы 71,06-ға дейін тұрақты жоғарылауы байқалды. 2018 жылдың алты ай қорытындысы бойынша өлім көрсеткіші 8,1 процентке төмендеген. Жылдың алты айында 9031 нәресте дүниеге келген.

Республика көлемінде алғашқылардың бірі болып, облыс халықаралық ұйымдармен бірлесіп жұмыс жасай бастады. Мәселен, 5 жасқа дейінгі балалары бар ата-аналарға күтім жасау бойынша «Бала кездегі аурулардың интеграциялық бақылау» жана жобасы енгізілді. Осы жоба аясында барлық БМСК ұйымдарында дені сау бала кабинеттері ашылды. Онда 5 жасқа дейінгі балаларға профилактикалық тексеру жүргізіледі. Сонымен бірге, перинаталар мен босануға көмекші мекемелердің медициналық құрал-жабдықтармен қамтылу деңгейі жоғарылаған. Үшінші деңгейлі облыстық перинаталық орталықтың жабдықталуы 91,1% құрап, алдыңғы үштікке еніп отыр.

Жинда басқарма басшысы Ақмарал Шәріпбайқызы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының еуропалық стандарттарға сәйкес келетін «Дені сау аймақ» жобасы жайлы айтты. Мұндай жобаны бірінші болып біздің облыс қолға алған. Осы мақсатта облыс әкімінің қолдауымен 2018-2021 жылдарға арналған «Салауатты өмір салтын қалыптастыру және қан айналымы жүйесі ауруларының алдын алу жөніндегі ішаралар» жоспары бекітілген.

Облыста туберкулездің негізгі эпидемиологиялық көрсеткіші тұрақтанған. Өңірде туберкулездік инфекциясының ошақтарының паспортизациясы мен картографиясы жасалған. Бұл дертті ерте анықтау мақсатында тұрғындар флюорографиялық тексеруден өткізілді. Нәтижесінде туберкулезбен аурушандық 2,9 процентке, деструкция үлесі 1,5 есеге төмендеген.

Сонымен бірге денсаулық сақтау саласының маңызды салааралық бағыттарының бірі – жол-көлік оқиғасы кезінде уақытылы медициналық көмек көрсету. Осы мақсатта аймақтардың картографиясы жасалып, республикалық тас жолдарға жақын орналасқан медициналық ұйымдардың базасына 13 тірек бекеті ашылды. Бұл жол-көлік оқиғасы орын алған жерге жедел жәрдем бригадасының жету көрсеткішін 2 есеге қысқартты.

Брифингте басқарма басшысы медицина мамандарының біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыс жасалып жатқанын айтып өтті. Бұл бағытта Кореяға 7 маман, Татарстанға 24 дәрігер біліктілігін арттыруға жіберілген.

Облыста Елбасының «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында денсаулық сақтау саласында ақпараттық жүйелерді біріктіру, мобильдік цифрлық қосымшаларды қолдану, электрондық денсаулық паспортын енгізу, «қағаз қолданбайтын ауруханаға» көшу арқылы медициналық көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру жұмыстары жүйелі жүргізілуде.

Медициналық көмектің сапасына тікелей қатысы бар мәселенің бірі медициналық мекемелердің материалдық техникалық жағдайына байланысты. Облыс қазынасынан бұл салаға бөлінетін қаржы айтарлықтай өсіп отыр. Осы мақсатта облыстық бюджеттен 6,5 млрд теңгеге қажетті медициналық құрал-жабдықтар алынған.

«СОҢҒЫ 2 ЖЫЛДА 25 МЕДИЦИНАЛЫҚ НЫСАН ЕЛІГІЛІГІНЕ БЕРІЛГЕН. СОҢҒЫ 15 ЖЫЛ КӨЛЕМІНДЕ КҮН ӨРТЫНЕН ТҮСПЕГЕН, АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ АРАД, ШИЕЛ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ. ҚАНАЙНАЛЫМ ЖҮЙЕСІ АУРУЛАРЫ СЕБЕБІНЕН БОЛАТЫН ӨЛІМ-ЖІТІМДІ ТӨМЕНДЕТУ ЖӘНЕ АРАД, ҚАЗАЛЫ, ҚАРМАҚШЫ АУДАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА БИҮЛ ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ БАЗАСЫНДА КАРДИОЛОГИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШУ КӨЗДЕЛІП ОТЫР. МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ЭРІПТЕСТІК ШЕБЕРІНДЕ ОБЛЫСТЫҚ МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҚТЫ АНГИОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТОМОГРАФ ОРНАТУ ҚОЛҒА АЛЫНАБАҚ.»

Биылғы жылдың басында Байқоңыр қаласындағы облыстық медициналық орталықтың филиалына емхана ашылды. Қазір 18 мыңнан астам тұрғын тіркелген. Енді Қазақстан мен Ресей Федерациясы арасындағы Үкіметаралық келісім ратификациясынан кейін 15 мыңға жуық қазақстандық тіркелмек. Сонда Байқоңыр қаласының барлық тұрғынының медициналық көмекке қолжетімділігі артады.

Қысқасы, денсаулық саласына қатысты барлық деректерді келтірген басқарма басшысының баяндамасынан оң өзгерістерді байқалдық. Ана мен бала денсаулығы үшін барлық жағдай жасалған. Түрлі аурулардың алдын алуға бағытталған шаралар жүйелі жүргізілуде. Заман талабына сай емханаларда-дандарда да белсенді жұмыс атқаруда. Соңғы шыққан, мүмкіндігін кең медициналық құрал-жабдықтар да алынып, ауруханалардың қызмет көрсету мүмкіндігін артқан.

Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы».



болып қалады. Зейнетақы төлемдерінің ағымдағы жылғы 1 шілдіден бастап көтерілуі халықтың әлеуметтік осал топтарына қолдау жасайды. Екінші жағынан алғанда инфляциялық аянық төмендеуін шектейді. Баға орташа алғанда бір баррель үшін 75 АҚШ доллар көрсеткішінен жоғары қалыптасуда. Сонымен бірге сыртқы рынокта мұнай бағасы күткендегіден жоғары болды. Бағаның одан әрі серпіні бойынша ағымдағы орташа жылдық болжамдары қолайлы және 2020 жылдың соңына дейін 70 АҚШ долларынан жоғары болатынын атап көрсетеді. «Маусымда, жыл басынан бастап алғаш рет азық-түлікке халықаралық бағалардың төмендеуі байқалды. Бұл елдер арасындағы сауда шиеленісін күшейтеіне байланысты. Нәтижесінде астық бағасының төмендеуі байқалды. Бұл сарапшылардың пікірі бойынша инфляциялық аянық күшейтеді және индексті одан әрі өсуіне ықпал етеді», – деді жуырда Ұлттық Банк төрағасы Д.Ақышев. Оның айтуынша, орта мерзімді кезеңде саудадағы негізгі әріптес елдерде инфляция деңгейі өседі. Сонымен бірге АҚШ долларының қымбаттауы күтілуде.

Дамушы елдердің валюталарына шолу теңгенің елдердің осы топтарында тұрақты валюталардың бірі болып табылатындығын көрсетеді. Данияр Ақышев 2018 жылғы 6 ай ішінде Ұлттық банктің алтынвалюта резервтері алдын ала деректер бойынша, 30,6 млрд АҚШ доллары болғанын, елдің халықаралық резервтері 88,7 млрд АҚШ долларына жеткенін атап көрсетті.

2018 жылғы қаңтар-маусымда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 6,5%-ке артты.

Ал, Алматыда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелері 5,2% азайды. Соңғы жылдары облыстың мұнай-газ саласында күрделі ахуал қалыптасты. Көмірсутегі шикізатының бағасына қатысты әлемдік дағдарыс өзге өңірлерге қарағанда біздің аймаққа әжептәуір әсерін тигізді. Республика бойынша аталған табиғат байлығының қысқарған көлемінің 70%-і Сыр елінің үлесіне тиеді. Мұнай өндіру көлемі жыл сайын орта есеппен 12%-ке кемі түседі. Егер 2013 жылы облыс бойынша 10,5 млн тонна «қара алтын» өндірілсе, 2017 жылы бұл көрсеткіш 6,8 млн тоннаға төмендеді.

## ЭКОНОМИКАНЫ ӨРТАРАПТАНДЫРУ ӨНЕРКӘСІПКЕ ӨҢ БЕРДІ

Биыл өндірілетін мұнай көлемі өткен жылғыдан 7,5%-ке немесе 600 мың тоннаға дейін қысқарып, 6,2 млн тоннаны құрауы мүмкін екені болжанып отыр. Әзірге осы жылдың алғашқы жартысында барлығы 3,2 млн тонна жерасты байлығы өндірілді. Сәйкесінше, соңғы бес жылда мұнайшылар тарапынан бюджетке бағытталған салықтық түсімдер 3 есе немесе 594 млрд теңгеден 204 млрд теңгеге азайды.

## СЫНАҚ ЗЕРТХАНАСЫ АШЫЛДЫ

Аймақта «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ Қызылорда филиалының құрылыс материалдарын сынақтан өткізуге арналған сынақ зертханасы өз жұмысын бастады. Оның ашылу салтанатына құрылыс саласының мамандары қатысып, зертхананың жұмысымен танысты.

Құрылыс өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау мен халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді және кепілдендіруді мақсат еткен орталық құрылыс өнімінің 23 түрін сынақтан өткізуге дайын. Яғни, барлық құрал-жабдықпен қамтылған зертханада өнімнің аязға төзімділігін, су сіңіру, орташа тығыздық, фракциялық құрамы, ылғалдылық, жылжымалылық, қаттылық, табиғи радионуклидтердің нақты тиімді белсенділігі секілді басқа да негізгі факторларын анықтайды.

Бұл зертхана цементтің металл және металл емес толықтарын, әк және әк ұнына – металл және металл емес белсенді тотықтарын, кальций және магний карбонаттары, кальций оксидіне есетелінген еркін сілтілер, суда еритін және ерімейтін заттарды анықтау бойынша сынақ жүргізеді. Ендігі жерде құрылыс өнімдерін шығаратын және құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізетін мекемелермен жұмыс жасауға дайынбыз. Мұнда барлық жағдай қарастырылған. Өнімнің сапа сәйкестігін анықтауға толық мүмкіндігіміз бар, – дейді сынақ зертханасының меңгерушісі Мария Ахметова.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы».

KONFERENTSIA I

# Жалпыға ортақ жауапкершілік

Жуырда Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми кітапханасында «Ауыл шаруашылығы кешеніндегі қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктер» тақырыбында ғылыми - тәжірибелік конференция өтті. Жинды Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаментінің басқарма басшысы Бағдат Ізенов жүргізді.



Елбасы 1997 жылы еліміздің 2030 жылға дейінгі дамуын айқындайтын ауқымды стратегиялық құжатты бекітіп, онда басым бағыттардың бірі ретінде сыбайлас жемқорлықпен батыл әрі аяусыз күресті айқындап, атап көрсетті. Ал, 1998 жылы ҚР «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңы қабылданды. Бүгінде аталған Заңның аясында қоғам «дертімен» күрес күшейтіліп келеді, – деді Ізенов.

Бұдан соң еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күрес жолында азаматтық қоғам мен саяси партиялардың белсенді іс-қимылы баяндалып, атқарылған шаралар бейнеролик арқылы көрсетілді.

Шарада «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төра-

ғасының орынбасары Ержан Байтілес келелі ойларымен бөлісті. Партияның сыбайлас жемқорлыққа қарсы 2015 – 2025 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасының шеңберінде қоғамдық бақылаудың аясы кеңейіп, түйткілді мәселелерді ашық талқылау арқылы қоғамдық ортада партияның ықпалы артып отырғанын атап өтті.

Конференцияда Балтабай Сықақов, Жалғас Нысанұлы, Сағытжан Керімов сияқты ауыл шаруашылығы саласының ардагерлері сөз сөйледі. Аға буын өкілдері адами қасиетті берік ұстап, адал еңбекпен абыройға бөленудің түп-төркіні ең алдымен отбасындағы тәлім-тәрбиеден бастау алатынын, одан әрі қоғамдық ортаның ықпалы болатынын айтты.

Сонымен қатар, департаменттің басқарма басшысы Бағдат Ізенов, агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясы басшысының міндетін атқарушы Жанат Дүзелбаева хабарлама жасады.

Конференцияда айтылған ұсыныс-пікірлер назарға алынып, сыбайлас қықты жою шараларын одан әрі жетілдіру, сонымен қатар, рухани жаңғыру бағытындағы кешенді бағдарламаны барынша сапалы іске асырудың маңыздылығы айтылды.

Ғазиза ӨБІЛДА, «Сыр бойы».



1-бет



# ӘСКЕН ӨҢІРДІҢ ӨМІРІ

## 14 шағын аудан, 2 млн шаршы метр тұрғын үй

Өткен жылы Қызылорда облысы тұрғын үй құрылысының көлемі бойынша Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан облыстары сияқты «миллиондық» аймақтардың алдына шықты. Салыстыру үшін айтсақ, мәселен, 2013 жылы 270 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілсе, 2017 жылы бұл көрсеткіш 600 мың шаршы метрден асып түсті. Облыс орталығында соңғы жылдары 14 жаңа шағын аудан пайда болды. Облыста 5 жыл ішінде 2 млн шаршы метр тұрғын үй берілді.

Қызылорда қаласында апатты жағдайдағы үйлер тұрғындарының мәселесі шешіліп, 309 отбасы апатты үйдің орнына жаңа, жайлы пәтерге ие болды. Жалпы 2013 жылдан апатты үйден жаңа пәтерге көшкендер саны 500-ден асты.

Соңғы жылдары салынған 200 денсаулық сақтау, білім, спорт және мәдениет нысанының барлығы халыққа қызмет көрсетуде. Құрылыс саласының қадамына тұсау салатын мәселе – «сақалды құрылыстар» десек, аймақта 2013 жылға дейін миллиардтаған қаржы бөлініп, тоқтап қалған 34 ірі әлеуметтік нысан болды. Былтыр олардың барлығы да аяқталып, пайдалануға берілді. Мектептерде 3 ауысымда оқу мәселесі шешімін тапты. Апатты жағдайдағы 37 мектептің мәселесі түбегейлі шешілді. Әрине, ескінің тозуы – табиғи құбылыс. Тозығы жеткен білім ошақтарын жаңалау олардың апатты жағдайы дәлелденген бойда қолға алынууда.

Денсаулық сақтау саласында салынған 57 нысанның 49-ы апатты жағдайда еді. Шалғай ауылдарды денсаулық сақтау нысандарымен жабдықтау 2015 жылы 43% көрсетсе, өткен жылы 76,5%-ке жетті.

## Алып құрылыс алаңына айналған аймақ

Тарихшылардың зерттеулеріне зер салсақ, адамзат баласы қауымдасып өмір сүре бастағандан бері құрылыс салуға, қауіп-қатерлерден қорғану үшін құжыра, баспана тұрғызуға талпынған. Үңгірлерде өмір сүріп бастаған адам баласының кейіннен Тәж Махал, Египет пирамидалары сияқты әлем кереметтерін қолмен салып шығуы құрылыс өркениетінің тарихи тым әрде екенін аңғартса керек. Мәңгілік ескерткіштердің салыну тәсілдері, асырлар желіне мүжілмей сақталу сыры архитектура мен құрылыс мамандары үшін әлі күнге дейін жұмбақ. Алысқа бармай-ақ, алты ғасырдан бері асқақтап тұрған Қожа Ахмет Ясауи кесенесіналайық. Саулет өнерінің ерекше туындысы ұлы даланың өңіріндегі алтын түйме секілді. Сырдың бойындағы көне қалаларды көрген бұрынғылар «Бесқаладан қашқан лақ Таразға дейін тек үйдің үстімен жүгіріп жетеді, Сырдың аяғынан ұшқан бұлбұл басына дейін гүлге қонып жетеді» деген сөз қалдырыпты. Бұл қаланың тығыз орналасқанына, бұл жер гүлденген өлке болғанына дәлел.

Бүгінгі Сырдың бойы да алып құрылыс алаңына айналды. Жыл басынан бері 228 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыста 1726 пәтерлік 42 көпәтпелі тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның кем

дегенде 36-сы биыл пайдалануға берілмек. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы алғашқы шағын аудан – 16 көпәтпелі тұрғын үй қоныстанушыларын қабылдайды.

Биыл 41 әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілді, оның 33-і өткен жылдан өтпелі нысан, 8-нің құрылысы жаңадан басталған. Жеті ай ішінде 20 нысан пайдалануға берілді. Оның 4-і мектеп, 6-балабақша, 1 клуб, 7 спорт нысаны, 1 музей, 1 қоғамдық тәртіп нысаны. Жыл соңына дейін тағы 10 әлеуметтік нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр, яғни, 4 мектеп және 1 балабақша, клуб, музей, спорт нысаны, аурухана, теміржол тұйығы ел игілігіне берілмек. Тағы 11 нысанның құрылысы келесі жылы жалғасады.



## «Орда» баспаналы болуға үміт сыйлады

Былтыр 3 жылға есептелген «Орда» тұрғын үй құрылысының «жол картасы» әзірленді. Ипотекалық несиесімен тұрғын үй алуға көпбалалы отбасылар, мүгедектер мен тұрғындардың шамасы келмейді. Сондықтан «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында салынып жатқан несиелік тұрғын үйлерді жергілікті бюджет есебінен сатып алуға жыл сайын облыстық бюджеттен 2 млрд теңгеден қаржы бөлу туралы шешім қабылданды. Олар тұрғындарға кейін өтеу құқығымен алғашқы төлемсіз ай сайынғы жалға алу құны шартымен беріледі. Мысалы, үміткерлер екі бөлмелі пәтерді ай сайын 42 мың теңге, үш бөлмелі пәтерді 52 мың теңге төлей отырып алғашқы төлемсіз алады.

Тұрғын үйдің жаңа бағдарламасына жергілікті атқарушы органдардың тізіміндегілер, яғни көпбалалы және толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 1, 2-топ мүгедектері, оралмандар, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік мекеме қызметкерлері қатыса алады. Сонымен қатар бағдарламаға қатысуға мүмкіндігі бар екінші топ – ерлі-зайыптылардың екеуінің де жасы 35-ке толмаған, 2 жылдан кем емес некеде тұрған, балалары бар отбасылар, сондай-ақ, жасы 35-ке толмаған, оның ішінде ажырасқан, жесір, тул қалған, ата-ананың біреуі ғана тәрбиелеп отырған толық емес отбасылар.

Қазір «Орда» арқылы баспаналы болудың шарттары жарияланды. Іріктеуден өткен қатысушылар қала немесе аудан әкімдіктерімен 8 жыл мерзімге тұрғын үйді жалға алуға шарт жасасады. Бұл кезеңде қатысушы тұрғын үй жинақ жүйесінде тұрғын үй құнынан 50% алғашқы жарнаны жинақтайды. Алғашқы жар-

наны жинаған жалға алушылар тұрғын үйді сатып алу мақсатында 11 жыл мерзімге банктік несиелер алу үшін «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» өтініш беріп, қала немесе аудан әкімдіктерімен тұрғын үйді сатып алу шартын жасасады. Өткізілген тұрғын үйлерден түскен қаржыны аталған банк қала немесе аудан әкімдіктеріне аударады. Әкімдіктер өз кезегінде тиісті қаржыны бюджеттік кредитті өтеу үшін облыстық бюджетке қайтарады. Бүгінде баспанаға мұқтаж жандарға жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы көмегімен үй алып берудің бұл механизміне қызығушылық танытқандар көп.

де ескерілді. Үй қабаттары көбінесе биік емес, әрбір тұрғын өзінің көршілерін ғана емес, қарсы үйдегі көршілерін де білетіндей етіп орналасатын болады. Бұл – ұлттық салт-дәстүрлерді дамыту мен сақтауға қосатын өзіндік үлестің бір түрі» деген еді.

Қазір мұнда Қазақ Орталық Атқару Комитетінің бұрынғы ғимаратының сызбасы бойынша салынған «Рухани жаңғыру» орталығы бой көтерді. 320 орындық балабақша мен «Болашақ» университеті кампусы, Жастар ресурстық орталығы салынууда. Сол жағалаудағы алғашқы нысандар енді азуақытта пайдалануға берілмек. Айта кету керек, жаңа қаладағы жаңа үйлер елдегі ең арзан бағамен беріледі, яғни әрбір шаршы метрі 120 мың теңге

Іргетасы құйылып, қабырғасы қалана бастаған әрбір құрылыста оған қатысты адамдардың үміті мен ертенге құрған жоспарлары астырып жатады. Ал қаланың бас жоспарында барлығымыздың да арманымыз көрініс табады. Алып мақетті көрген сайын «мына үйлерден пәтер алсам екен, мына жерге үй салсам екен» деген ой бәрімізде де болады.

Қызылорда қаласының 2009 жылы бекітілген бас жоспарына өзгерістердің енуі – уақыт талабы. Бас жоспардың бірінші кезеңінде қала аумағы 11 мың гектар болса, қазіргі күні ол 19690 гектарға жеткен. Қала солтүстік бағытқа қарай дамуына байланысты оның аумағы да өсіп отыр. Соңғы бес жылдағы Қызылорда қаласының даму жағдайы, құрылыс қарқыны өзгеше, «Қызылорда-Жезқазған» бағытында жеке тұрғын үй құрылысына арналған жаңа аймақтың ашылуы, Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру сияқты шешуші қадамдар жасалды.

Бұл ретте атқарылған жұмыстарды бір қорытындылап, қаланың алдағы бес жылдықтағы даму жағдайын нақты айқындау талап етіледі. Бас жоспар бекітілгені бері стратегиялық мақсаттар мен әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары да едәуір өзгерістерге ұшырады.

Бас жоспардың екінші кезеңі 2025 жылға есептелген. Қазіргі күні қаланың демографиялық өсуі жоспарға сай. Тұрғын үй қоры 5,4 млн шаршы метр болса, алдағы уақытта 8,6 млн шаршы метрге жетеді. Әлеуметтік нысандар, балабақша, мектептен қамтамасыз ету көрсеткіші тәп-тәуір. Жалпы алғанда қала бас жоспарға сай дамууда.

Бүгінде қала халқының саны 294 мың адамнан асты, жеке тұрғын үй салу үшін жер учаскесін алуға бүгінгі күні 60 мыңдай адам кезекте тұр. Бас жоспарға өзгерістер енгізуде қандай критерийлер ескерілуі керек? Қызылорда қаласы инфрақұрылымының алдағы дамуы үшін көпқабатты және асқақтаты құрылыстар үйлесім табуы тиіс. Сондай-ақ автомобиль жолдары, сапалы кварталалық жолдар мен көпқабатты үйлердің кіреберістері, көпқабатты кварталдардың аулалары, веложолдар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтар арбамен жүретін жолдар бірдей дамуы қажет.

Тұрғын үйлерді бір стандартпен тұрғызған кеңестік дәуірдің «мұрасындай» болған қорып үлгілерден, бірегейліктен арылатын уақыт жетті. Сыртқы әртүрлілік, үй фасадтарының алуандығы адамға жайлылық, тіпті қауіпсіздік сезімін сыйлайтынын психологтар дәлелден берген. Қазір өмір сүруге қолайлы қалаларды анықтау үшін сауалнамалар жиі жүргізіліп жатады. Ол үшін көшелерде жас аналар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың емін-еркін жүріп-тұруына жасалған жағдайлар есепке алынады. Облыс орталығы тұрғындарының өмір сүруі үшін жайлы және сапалы жағдай тұрғызудың барлық шарты ескерілген бас жоспарда осының барлығы да көрініс тапқан.

## Сол жағалаудағы жаңа қала

Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жағалауын игеруге бағытталған тарихи кезең өз бастауын 2017 жылдан алғаны белгілі. Бір жыл ішінде бұрын адам аяғы баспаған мекен құрылыс алаңына айналды. Оң жағалаудан көз тіккен адамға сол жағалаудағы құрылыс қарқыны бірден көрінеді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев халықпен есепті кездесуде «Ең бастысы, біз алғашқы 18 көпқабатты тұрғын үй құрылысын бастадық. Ал, осы жылы шығыс үлгісінде халқымыздың ділін,

көлемінде.

Сол жағалаудың болашақтың қаласы болатыны оның жоспарынан аңғарылады. Келешекте бұл аумақта 15 шағын ауданы, әлеуметтік және бизнес-нысандары, демалыс және серуендейтін орындары бар жаңа қала бой көтереді. Бүгінде жаңа қаладағы құрылыс қарқыны Қызылорданың ескі, тарихи бөлігінің жасарып-жанаруына себепкер болып жатқанын байқауға болады.

## Бас жоспар немесе Қызылорда қалай дамиды?



ұлттық салт-дәстүрлерін ескерген жаңа тұрғын үй кварталдарының құрылысын да бастаймыз. Біздің халық – өте қонақжай халық, біз қонақ шақырғанды, өзіміз қонаққа барғанды ұнататын халықпыз. Сондықтан, барлық туған-туыстар мен достарды сыйдыра алатын үлкен үйдің болғаны біз үшін маңызды. Біздің тағы бір ерекшелігіміз – ұйымшылдығымыз бен өзара көмек көрсетуге әзірлігімізде. Көршілерімізбен ауызбіршіліктің жоғары деңгейі, яғни, қуанышты да, қайғыны да бірге бөлісуіміз – бізге тән қасиет. Осының барлығы сол жағалаудағы тұрғын аудандар құрылысын жобалаған кез-

**P.S:** Сыр өңірінің құрылысшылары Елбасы бастамасымен қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың арқасында нағыз мамандар ретінде шыңдалды, мол табысқа жетті. Кейбіреулері ірі компанияларға айналды. Жұмыс сапасы Астана, Алматы қаласындағы ірі құрылыс компанияларының сапасымен бірдей деңгейге жетті, кей тұста озық нәтижемен көзге түсті.

Құрылысшылар мерекесі қарсаңында аптап ыстық пен суық желдің өтінде қыруар еңбек жасап жүрген қолды азаматтарға алыс бйдіру артықтық етпейді. Олар тұған қаланы өркендетудегі ортақ парыздың маңыздылығы мен қажеттілігін түсініп, іспен қолдан, жаңа қала салып жатыр. Ел мен жер, тарих пен уақыт алдындағы еңбектеріңіз жемісті болсын!

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы».

## Аудандық аурухана бой көтеруде

Шиеліде жаңа аурухана құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Құрылыс жұмыстары өткен жылдың соңында басталған, келер жылы пайдалануға берілуі керек. Жалпы құрылыс аймағының көлемі 66 273 шаршы метрді құрайды. Ал аурухана ғимараты 7007 шаршы метрге орналаспақ. Дәл қазіргі таңда құрылысқа 160 адам тартылса, оның басым көпшілігі жергілікті тұрғындар.

Учаске басшысы Айбек Мереевтің айтуынша, біріншіден, аурухана озық үлгідегі технологиялармен жабдықталады. Екіншіден, салыстырмалы түрде қарағанда, ескі ауруханадан жаңа ғимараттың ауқымы үлкен. Ғимарат 4 блоктан құралады. 3 блогы 3 қабаттан тұрса, 4-ші блогы 2 қабатты болады. Олардың ішінде қабылдау бөлімі, ота жасағаннан кейінгі бөлім, ота жасау блогы, физиологиялық босану, неврология, балалар, хирургия, терапия және т.б. бөлімдермен қатар ас дайындау блогы құрылады. Барлық қызметкерлер сол жерден тамақтандырылады. Арнайы лифт қызмет жасайды. Жаңа аурухананы озық үлгідегі құрал-

жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 5 млрд теңге көлемінде қаржы қарастырылып отыр.

Осыдан үш-төрт жыл бұрын салынған емхана жанына әуелім ғимарат осылайша қысқа мерзім ішінде бой көтеріп үлгерді.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын ұсынылған жобаның құпталып, жаңа аурухананың салына бастауы біз үшін, аудан халқы үшін, үлкен игілікті іс, – дейді аудандық емхана бас дәрігерінің орынбасары Қазбек Шәукеебаев.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, Шиелі ауданы.







Ежелгі Сыр бойын жағалай орналасқан ірі қалалардың бірі – Сығанақ қаласының 2000 жылдық тарихы бар. Біздің заманымызға дейінгі VIII-IX ғасырларда Сыр бойында сақ деп аталған тайпалар өмір сүрді. Қаратау өңірінде қоныстанған, Сақ тайпалары біздің жыл санауымызға дейінгі VII ғасырдан бастап біздің дәуіріміздің II ғасырына дейін өмір сүрген. Кейіннен басқа тайпалармен араласып, соларға сіңісіп кетеді. Арасы іргесі мықты ғұн мемлекеті болды. Біздің күшті ру-тайпа басыларының қолына тапсырылды. Олар жайылмалық жерлерді де өз қолында ұстады. Мұндай басқару жүйесімен ғұн империясы ұзақ уақыт өмір сүрді.

1320-1344), хиджра бойынша 768 жылы Сығанақтан соғылған 5 тың Петербургтағы Эрмитажда сақталып. Ол кезде хандарының ағынан ақша соғу биліктің дербестігін көрсетеді. Сығанақ көптеген құрылыс жұмыстары жүргізді. Қала гүлденді. Сыр бойындағы қалалармен байланыс жасады. Эрзен хан 25 жыл билік құрып 1344-1345 жылы дүниесінен айырылып кетті. Осыдан бастап Сығанақ Жошы хан – Орда Эрзен әулетінен тараған Алтын Ордалық ақсүйектерінің жерлеуіне ата қорыққа айналды.

XIII-XVI ғасырлардағы Сығанақ қаласы ірі сауда орталығы ретінде ғұн мемлекетінің және жергілікті маңызды зор болды. Қалаға Мәуреннахрдан, Қашқардан, Түркістан, тағы сол сияқты қалалардан сауда керуендері келіп тұрғандықтан, мұнда тұрмыс қажеттіліктеріне керекті заттар әкелінді. XIV-XV ғасырларда Сығанақ қаласы Түркістан қалалары үшін саяси-әкімшілік, сауда ашырмас орталықтары ретінде ең ірі қалалардың бірі болып саналды.

Сонымен қатар, Сығанақ мал шаруашылығы өнімдерін өткізуге, өз кезегінде өздерінің де қолөнер мен егіншілік өнімдеріне деген сұраным қанағаттандыруға ұмтылып мал шаруашылық – аударларының отырықшы нахрдан, Қашқардан, Түркістан, тағы сол сияқты қалалардан сауда керуендері келіп тұрғандықтан, мұнда тұрмыс қажеттіліктеріне керекті заттар әкелінді. XIV-XV ғасырларда Сығанақ қаласы Түркістан қалалары үшін саяси-әкімшілік, сауда ашырмас орталықтары ретінде ең ірі қалалардың бірі болып саналды.

XV ғасырдың басына дейін Ұлыбөке Сығанақты уақытша иеленді. Орыс ханның ұрпағы Барақ хан мен Әмір Темірдің ұрпағы Ұлыбөке арасындағы талас-тартыстың көзі болған. Барақ хан өзінің Ұлыбөкеке жолдаған ханды «Менің атаң Орыс хан Сығанақта тұрып, онда құрылыс орындарын салғандықтан, Сығанақ жайылымдары заң бойынша да, әдеттік бойынша да маған тиісті» деп оны қайтаруға бұйрық бергеніне. Орыс ханның немересі Барақ хан 1423-1428 жылдары Ақ Орда ханы қалпына келтіре бастады. Бірақ ол көп ұзамай қайтыс болды. Ақ Орда билеушісі Ерзен хан, Мүбәрәк хан, Орыс хан (1361-1378), Барақ хандар мемлекеттің өсугіне егіншілік шаруашылығының ошақтары мен қалаларды қалпына келтіруге тырысты, сауда керуендерін ұйымдастырып, қалаларды Темір ұрпақтары мен шағатайлықтардан тәуелсіз етуге күш салды. Әсіресе, Орыс ханның тұсында қайта тұрғызылған кейін Сығанақ XIV-XV ғасырларда бекіністі қалаға, ірі сауда мен қолөнер орталығына айналды. Шығыс Дешті Қыпшақтың аумағында мемлекеттік-мәдени-экономикалық және саяси өмірінде өз маңызын қалпына келтірді. XVI ғасырдың басында Сығанаққа жолы түсіп, қаланы өз көзімен көрген Фазлалақ ибн Рүзбихан Исфаханидің айтуына қарағанда, «ертеде бұл тұрғындары көп, көрікті қала болыпты... қалада тыныштық орнап, барлық қажетті игіліктер өндірілген». Қала мен оның төңірегіндегі қыстақтардың халқы суармалы егіншілікпен айналысты; жақын маңдағы суармалы және төлімді жерлер одан алысрақ орнап, дәстүрлі, Фазлалақ ибн Рүзбихан Исфахани: «Өңірдегі егістікті суландыратын қалалардың... бәрі Сейхун өзенінен таралатын еді», деп жазды. Солардың бірі – ежелден келе жатқан негізгі қанал Томенарық каналы сумен жадықтап қана қоймай, төңіреккегі аумағы едәуір жерді суландырып отырды. Бозғылғақ деген басқа канал да болды, ол Сырдария тасыған кезде жайылған сумен толатын еді аттас көлден бас алып, қалаға су әкелетін еді. Хижраның 803/1400-01 жылы Әмір Темірдің жағған сый грамотасында әлгі екі каналдың аты аталады. Каналдар қала төңірегінде келгенде өңделген жер ұчаскерінің суландыратын сансыз көп ұсақ арықтарға тарамданып кететін еді. Қаланың солтүстік-батысы мен солтүстігінде жатқан жер Қаратаудан ағып шығып, реттеліп отыратын шағын тау өзендерінен бас алатын арықтармен суландырылатын белгілі. Сол кездегі вақф грамоталарында тіпті XIV ғасырға жататын су көздерінің аттары кездеседі.

«Орыс хан Ақ Ордадан түбегейлі дербес мемлекетке айналдырды». Орыс хан Сығанақта хансарайын салдырды ханның атында ақша соғылды. Қазақстанның алғашқы қаруы қолы «Алаш мыңдығы» жасактап, ақ кара ала ту алып жауға шапты. Ақ Орда хан астанасы ретінде Сығанақтың нағыз шаһарға өскен кезеңі Орыс ханның тұсы. Орыс ханның атында ақша соғылды. Орыс ханның елі тарихи әдебиетте «Алаш елі» атанды. Ш.Уәлиханов және А.И.Левшиндер Орыс ханды «Алаш хан» деп атап, оны қазақ хандарының атасы деп тануы тегінен тегін емес. Қазақ түсінігінде «Алаш» ұғымы «қазақ» атауының баламасы болып табылады.

Сығанақ жайлы аса құнды дерек қалдырған авторлардың бірі – Мұхаммед Шайбани ханның жылнамашысы Фазлалақ ибн Рүзбихан Исфахани. Ол өзінің «Михман-наме Бұқар» («Бұқара қонығының жазбалары») атты еңбегінде «Дешті Қыпшақты жер жұмағ» деп атап, Сығанақтың орналасу жайына қоймай, ол Дешті Қыпшақтың шекарасы, Түркістанның орталық шебі, онда «күн сайын бес жүз түйенің еті құбырылып кешке қарай одан түйір де қалмайтын» деп жазаған еді. Дештінің атақты хандарының мәйіті міндетті түрде Сығанаққа жерленіп қабірдің үстіне кезең (мазолей) тұрғызылатыны туралы деректі жазып қалдырған да осы Рүзбихан.

Хорезм тағына Ақсақ Темір отырған кезі еді. Ол Дешті Қыпшақ жерін өз қарамағына алуды армандады. Осы ойда жүргенде Орыс ханның қарыны қаймығып, Хорезмге Тоқтамыс қашып келген болатын. Ақсақ Темір енді өз ойын іске асыру үшін Тоқтамысты пайдаланады болады. Сөйтіп, оған көп әскер жинап беріп, Орыс ханға айдап салды. Бірақ Тоқтамыс Орыс хан екі рет оңай жеңілді. Үшінші жорықты Ақсақ Темірдің өзі бастады. Осы кезде Орыс хан қайтыс болады. Ақсақ Темір Сығанақты алып,

Тоқтамыс хан етіп отырғызды. Тоқтамыс енді Ақсақ Темірдің қарамағынан құтылысқы келіп, соның әскеріне қарсы жорыққа шығады. Бірақ Тоқтамыс үш жорықта да (1389, 1391 және 1395 ж.) Ақсақ Темірден тас-талқан жеңіліп, ең соңында Тоқтамыс Сібірге қашады. Бірақ Сібір ханы Шәдібек Тоқтамыстың Алтын Ордадан бірлесіп тұрған кезінде оған қайта-қайта шабуылдан көрсеткен қорлығы үшін Тоқтамыстың соңына шырақ алып түседі. Тоқтамыс енді өзінің қасына

ман туды. Ол Қазақ хандығының астанасы етіп экономикалық маңызды жоғары Сығанақ қаласын сайлады (одан кейін Есім ханның тұсында Түркістанға көшірілді).

Оның Дешті Қыпшақ территориясында сауда орны ретіндегі маңызын Рүзбихан былай суреттейді: «Дешті Қыпшақтың Еділ өзені шегіне дейінгі иеліктері мен жергілікті көпестері... Сығанақ қаласын өздерінің жиналатын орны істеді және сауда тауарларын әкелді. Түркістан, Мәуреннахр аймақтарының және Шығыстан Қашкар, Хотан шегіне дейінгі жерлердің көпестері Сығанаққа осы елдердің тауарларын әкеліп, сауда мәмілелерімен айналас жасайды. Бұл сауда мәмілелері Сығанақта жасалатын болғандықтан, бұл иелік арқанадан елдерден көпестер келіп тұратын орын болып табылады және онда барлық елдердің байлығы мен тауарлары мол» оларға: «бұлғын мен тын терісін тігілген тондар, мықты садақтар мен ақ қабыңнан жасалған жебелер, жібек маталар мен қаймаққа қымбат бағалы бұйымдар».

шөйх Сығанақ мазарының мүлкі деп танылады. Осында ешкім нұқан келтірмесін деп жарлық берілген.

Төртінші нышан Хижраның 1044 жылы ашур айында (1634 жылғы маусым-шілде айлары) жазылған Убайдулла ханның жарлығы. Мұнда Хисарғұқ бұлағын Хазіреті ғұлама Абу-Л-Хасан Зийа ад-Дин шөйх Сахіб-и «Нияһ» Сығанақ мазарының мүлкі екендігі және оның ұрпақтарына, олардың аталған мүлкіне ешкімнің тиіспейтін қуаландырылған. Бұл табылған хан жарлықтарының Сығанақ тарихын тереңірек танытуға маңызды зор.

Маскеу қаласындағы Ресей мемлекеттік кітапханасында сақталған Ремезовтың картасы. Онда: Сунақ) және Сығанақ қалаларының қатар орналасқаны көрсетілген. 1701 жыл.

Еліміздегі тарихи-мәдени ескерткіштердің туризмдегі рөлі зор және олардың тарихи туристік-экскурсиялық сапарлардағы орны ерекше. Археологиялық ескерткіштердің кез келген нысандары туристік экскурсия жұмыстарында маңызды орын алады. Соның ішінде Сыр бойындағы Отырар, Сауран, Өзгент, Ордакент, Жент, Сығанақ, Түркістан, т.б. көне қалалар орнына туристердің қызығушылығы мол. Археологиялық-тарихи ескерткіштердің көзге дейін жеткен нысандарының ішінде қорғандар мен мазарлардың маңызы зор.

Бұдан бiз Сығанақ қаласы XV-XVII ғасырлар арасында да атақты қалалардың бірі болғанын байқа аламыз. Оны археологиялық зерттеулер де дәлелдеп отыр. «1867 жылы орыс археологиялық комиссияның тапсырмасы бойынша археолог П.И.Лерх Түркістан аймағындағы ортағасырлық қалаларды қарап шығуға жіберілді. Ғалым қалада болып, оның қай жерде орналасқаны туралы ақпарат берген. 1899 жылы Түркістан өлкесінің бөлімшінің меңгерушісі В.А.Каллар қалаға барлау жұмысын жүргізіп, оның топографиясын сипаттап және қаланың шығыс жағындағы қақпасының алдындағы 100 м жердегі мешіттің жобасын қағазға түсірді. 1906 жылы қаланың археолог И. А. Кастане қарап шығады. «1927 жылы Ресей ғылым академиясының жанындағы материалдық мәдени институтының тапсырмасы бойынша Сығанақ қаласын А. Ю. Яковбовский біршама тыңғылықты қарап шығады. Ол қаланың топографиялық жағынан көңіл боліп, жанындағы кейбір керемет ескерткіштерді тұрған ғимараттардың суретін түсіріп алған. Қала туралы үлкен ғылыми мақала жазған». Академик В. В. Бартольд Стамбулда барған сапарында оның кітапханасынан «Мифман – нама-и Бұқара» («Бұқаралық қонақтың жазбалары») атты еңбекті кездестіреді.

Осы қолжазбадан сығанақтың бір ақынның: «Көрген кісі пейіш екен дер еді, Құтты білік ұя салған жер еді. «Нихайнан» жазды мұнда бір бауыр, «Хидеяны» ұқтырды ері өрелі. Шыққан мұнда ғұлама да, дана көп. Айтады жұрт қасиетті қала деп. Қайта туу нәсіп болса, дүние-ады. Қайтып осы Сығанақты қалар ек», – деп жазаған өлеңін көшіріп алады. Оны сол кезде Сығанақты зерттеп жүрген А. Ю. Яковбовский әкеліп береді. 1947 жылы ОҚА-ның жетекшісі А.А.Бернштам келіп қаланың топографиялық жобасын түсірсе, 50-жылдары ОҚА-ның жетекшісі Е.И.Агеева мен Г.И.Паневичтер археологиялық барлау жұмыстарын жүргізген.

XХ ғ. 70-жылдары қалаға ОҚА-ның Отырар археологиялық экспедициялық меңгерушісі К.А.Ақшөв пен К.М.Байпақовтар қаланың топографиялық жобасын жасап, «Бұл қала ортағасырлық қалалардың ішінде Отырар қаласынан кейінгі атақты екінші қала» деген анықтама берген.

Қалада археологиялық зерттеу жұмысы 2003-жылдан бастап Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің археология, этнология және мұражай кафедрасының ұстаздарының басқаруымен дәлалық практикалық жұмысы, бүгінгі күнге дейін зерттеу жұмыстарын жалғастырып келеді.

Осы Сығанақ археологиялық экспедициясы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде қаланың тарихы барды. Х-XII ғасырлардан XV-XVIII ғасырлар арасында қаланың гүлденіп өмір сүргендігі анықталды. Оны жазба деректер де дәлелдей түседі, себебі XIX ғасырдың басында жазылған «Описание киргиз-казацких, или киргиз-кайсацких орд и степей» еңбегінің авторы А.Ливини Сығанақ қаласын Сырдың сол жағалауында «жаққан» қала деп атап етеді, соған қарағанда ол қаланың орнына ғана айтып отырса керек.

Экспедиция нәтижелері бойынша: Қазіргі Сығанақ жұрты екі бөлікте: шахрстан және оғанды үшін жағынан жанасып жатқан рабаттан тұрады. Оның отңүстік-шығыс бөлігінде орналасқан шахрстан кезінде пішімі бесбұрышқа ұқсайтын мықты қамал болған, оның өлшемдері: солтүстігі 275 метр, солтүстік-батысы 175 метр, отңүстік-батысы 190 метр және отңүстігі 175 метр, ал отңүстік-шығысы 320 метр өлшеминде. Бйіктігі 1,5 метр. Қала 6-7 метр шығыңқы 15 төбешікке айналып және мұндағы едәуір сақталған қасында Сунақ-Ата мешіті бар. «Наланың шығыс жағындағы қақпасының алдынан 100 м қаңықтыққа күйдірілген кірпіштен (25x25x5 см) жасалған алғашқы кезде ХІІІ ғ. аяғында сағана салынып, оның жанына табынатын ғимарат кейінен ХІV ғ. аяғы мен ХV ғасырдың басында мешітке айналдырылған, оған басты дәл ғимараттың отңүстік қабырғасын тесіп міхраб жасалған. Осы кезден бастап ғимаратты айналдыра кіші бөлмелермен жалғанған. Соған қарағанда, ғимараттың қолданыста болған соған уақытында мешіт медресе еніп де ретін атқарған тәрізді. Ол шамамен ХХ ғ. 20-жылдарына дейін өмір сүрген» деген қорытынды жасайды.

Ұлт тарихын ұлықтау мақсатында 2016 жылы «Сығанақ тарихи мәдени-қорық мұражайы» қоғамдық бірлестігі құрылды. Бірлестік қазір қыруар жұмыстарды атқарып келе жатыр. Бүгінгі таңда қазақ халқының өткен тарихынан сыр шертер Сығанақ қалашығына қатысты талай тарихи деректер мен құнды жәдігерлер жинақталды. 2017 жылы 18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай, «Сығанақ тарихы» музейінің ашылу салтанаты өтті.

Қазіргі таңда Сығанақ көне қаласының инфра-құрылымына жоба жасалынып, алдағы уақытта қолданылып, абаттандырылу, асфальтталған жол ауыз су, көріз жүйелерін жүргізіп, келген демалушыларға арнап қонақ үй, «Сығанақ тарих» музейі ашып, авторлұқ салыныпты болады. Және де осы туризмді дамыту арқылы шетелдік туристер келіп, елімізді әлемге танытып жатса, нұр үстінде нұр болар еді.

Дәл қазіргі уақытта Сығанақ қаласы төмпешік астында сарайған тарихымыздың құпиясын бүтін жатыр. Бір кездері гүлденіп тұрған Сығанақ қаласы дәл қазіргі уақытта, өзінің бұрынғы мұрагерлеріне жетпей, тек үйінділері ғана қалған.

Елбасының арнайы жарлығымен Түркістан облысы мәртебесін беру, құллі қазақ елінің мәртебесін көтергендей жұрттың бәрін ұнап отыр. Түркістан – түркі жұртының рухани орталығы.

Қазақ халқының Ақ Орда, Қазақ хандығының астанасы – Сығанақ қаласы Түркістан қаласының тарихымен ұқсас. Сондықтан осы өңірде туризмді дамытып, тұған өңірміздің тарихын, рухын елімізге танытып, оны кейінгі ұрпаққа насихаттап, тарихтан сырт шығаруға көмегі жетпелерімізді халық игілігіне ұсынсақ, ең болар еді. Көмүлі жатқан тарихымыздың құпиясын ашып, өз ұрпақтарымызға аманат етіп көрсету – баршахалқымыздың міндетіміз әрі борышымыз деп білеміз.

Астананың бір үлкен көшесін Сығанақ деп атағанымыз игі іс болды. Әрі қарай басқа қалаларда, ауылды мекендерде жалғасын тауып жатса көшелерге Сығанақ атауы беріліп жатса игіліктің жалғастығы болар еді.

Рысбек АСҚАРҰЛЫ, «Сығанақ» тарихи-мәдени қорық-мұражайы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Астана қаласы.





# БАСТАУ ЖОБАСЫ КӨМЕККЕ КЕЛДІ

Мұхамедәлі Тұрмановтың пластик терезе өндірісімен айналысқанына 12 жылдан асты. Сол уақыт аралығында өз күшімен кәсібін өрлетіп отырған азамат енді заман талабына сай өнім шығарып, еңбек өнімділігін арттырғысы келеді. Осылайша кәсіпкерлер палатасының аудандық филиалына барып, кеңес алады, өткен жылы басталған «Бастау» жобасына қатысады.

Жобаға қатысу барысында бухгалтерлік есеп, маркетингтік жоспарлау, салықпен жұмыс секілді кәсіпкерлікпен айналысудың алғышарттарын меңгеріп шығады. «Ауыл шаруашылығын қолдау қоры» АҚ облыстық филиалы арқылы несие алады. Алынған қаражатқа Мұхамедәлі кәсібіне қажетті заттарын сатып алады. Кәсіпкерге бүгінде аудан тұрғындарынан тапсырыс жеткізіледі. «Оны дер кезінде орындау да осы несиеге алынған қажетті шикізат пен жүк көлігім айтарлықтай көмек болып тұр», – дейді кәсіп иесі.

– Сураныс көбейіп жатыр. Бірақ тиісті құрал-жабдығымыз жетіспеді, оны алатын қаржымыз болмады. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп жатыр дегенді естіп, аудандағы кәсіпкерлер палатасының филиалынан кеңес алдық. Палата мамандары «Бастау» жобасына қатысуды ұсынып, оқуға жіберді. 1 ай оқып, тұтынушылармен жұмыс жасауды, кәсіптің өзге де қыр-сырына қанық болдым. Одан әрі жобамды Қызылордаға барып, облыстық комиссия алдында қорғап келдім. Жобам сураған 4 млн 800 мың теңгені берді. Үкіметке рахмет, бұл қолдау мен үшін айтарлықтай жеңілдік болды, – дейді кәсіпкер Мұхамедәлі Тұрманов.



Қыс мезгілінде тапсырыс аз болғанымен, күн жылына бастағаннан тапсырыс көбейіп, кәсіпкер аптасына екі үйдің терезелерін дайындайды. 3 адамды жұмыспен қамтып отырған ол болашақта өндіріс цехын кеңейтуді жоспарлаған.

Айта кету керек, өткен жылы «Бастау» жобасымен 195 жаңақорғандық оқып, білім алды. Олардың 151-і облыстық комиссия алдында жобаларын сәтті қорғап, нәтижесінде 115 азаматтың жобасы 278 млн 200 мың теңгеге қаржыландырылды. Ал осы жылы ауданның 250 азаматын оқыту көзделген болса, бұл азаматтардың 127-сі бүгінде «Бастауды» тәмамдады.

«СБ» ақпарат.

# Biz jáne Biznes

"Syr boyi" gazetiniń arnauy beti

ОБЛЫСТА 2018-2020 жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылдары

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында ауыл шаруашылығы ұлттық экономиканың жаңа драйверіне айналуы керектігін айтқан болатын. Елбасы тапсырмаларын орындау мақсатында Үкімет агроөнеркәсіп кешенінің 2017-2021 жылдардағы даму бағдарламасына өзгертулер енгізді. Алдағы бес жылда салдағы еңбек өнімділігі мен экспорт көлемін 2,5 есеге арттыру көзделуде. Бұл зор міндетті орындауға Қызылорда облысының ауылшаруашылық саласында еңбек етіп жатқан кәсіпкерлер де өз үлесін қосатыны анық.



## АГРОСЕКТОРДЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІ АРТА ТҮСУДЕ

### АҮЙЛ КЕЛБЕТІ І

Жаңақорған ауданы егіс алқаптарын сумен қамтамасыз ету үшін арнайы салынған үрлемелі су тоспасы бар. Содан күншығысқа қарай иек көтерім жер жүрсеніз, Көктөбе ауылына маңдай тірейсіз.

Көктөбе демекші, осы жерде қызық бір дерек еске түседі: тарихи қатпарлы Түркістан қаласының тұсындағы дарияның сол жақ жағалауы баяғы жаугершілік замандарда кіші-гірім түрлі бекеттерімен көне шаһардың қорғанысын күшейткен секілді. Бесарықтың тұсындағы Келінтөбеден бері қарай шыққан жол Абызтөбе, Қаратөбе, Раздытөбе, Ақтөбеге – әрқайсысының аралығына оншақты шақырым салып отырады да, жаңағы өзіміз айтқан Көктөбеге жетелеп келеді. Сөйтсек, Көктөбеміз шығыс жақтағы төбе дегені екен ғой. Ақтөбеміз батыстағы төбе, яғни, әрқайсысының өзіндік сыры бар деген сөз. Сонымен Көктөбенің орталық көшесінде тұрмыз. Кеңестік дәуірде Түркістан совхозының №2 фермасының орталығы болған шеткері ауыл 2005 жылы өз алдына дербес ауылдық округ болып қайта құрылды. Бұл тұрғындардың болмашы құжат үшін әрі-бері зурешілігін азайтып, нарықтық қатынас талаптарына орай, өз тіршілігін күйттеуге жол ашты. Бұл ауылда нақты кезеңде 120 отбасында 607 халық тұрады. Елді мекенде негізгі мектеп, 20 бүлдіршінге арналған бөбекжай,

80 орындық клуб үйі, кітапхана, ФАП, 2 монша, 3 сауда нүктесі, 3,92 шақырым ауыз су құбыры халыққа қызмет көрсетеді. Бұл енді Ел тәуелсіздігінің жақсылығы. Бұрын мұндай әлеуметтік нысандардан адал ауыл тұрғындары үшін үлкен жетістік екендігі де шындық.

– Облыс әкімінің үш жылды жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылдары деп атауына байланысты бұл салада тиянақты жұмыс жүргізіле бастады. Елді мекеніміз аудан орталығынан шалғайда орналасқандықтан да біршама қиындықтар кезікті. Дегенде, қойылған талап тұрғысынан шығу үшін ұйымдастыру жұмыстарын барынша қолға алдық. Қазіргі есепті мерзім уақытында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағыты бойынша жалпы округте 18 жеке кәсіпкерлік нысаны мен 1 шаруа қожалығы тіркелген. Оның ішінде биыл 5 кәсіпкер өзінің кәсіпті нысанын ашып, жұмыстарын бастады. «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының мемлекеттік грантына (қайтарымсыз несиеге) осы жылы 1 кәсіпкер қатысып, жобасын қорғап грантын жеңіп

« БҮГІНГІ ТАҢДА СЫР ЕЛІ АГРАРШЫЛАРЫ ӨНІРДЕ ӨНДІРІП ЖАТҚАН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ АРАСЫНАН ОН БІР ТҮРІН ЭКСПОРТҚА ШЫҒАРЫП ОТЫР. МӘСЕЛЕН, БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ АЛТЫ АЙЫНДА ЖАЛПЫ ҚҰНЫ 16,2 МЛН ДОЛЛАР БОЛАТЫН 45033,1 ТОННА АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМДЕРІН АЛЫС ЖӘНЕ ЖАҚЫН ШЕТЕЛДЕРГЕ ШЫҒАРДЫ. БҮЛ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ СӘЙКЕС КЕЗЕҢІМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 5,2 МЛН ДОЛЛАРҒА АРТЫҚ.

– Экспорттық әлеуеттің және нарықтық өткізу аймағының кеңейе түсуіне агроөндірістік кешенді дамытудың өнірлік агрокартасындағы жоспарлардың жүзеге асуы тікелей әсер етуде, – дейді облыстық ауылшаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Пірмұхамед Сыздықов. – соңғы үш жылда мәдени дақылдардың, көкөніс және бақшалық дақылдардың алқаптары ұлғайып отыр. Біздің облысымыз буферлік аймақтан шыққандықтан Иран, Моңғолия және Біріккен Араб Әмірлігі мемлекеттеріне тірі қойларды экспортқа жіберуге қол жеткізді. Сонымен қатар, аймақтың басты дақылы – күріштің жаңа нарығын қалыптастыра бастадық.

Қазіргі таңда Қытайға 20 мың тонна күріш жіберу туралы келісімдер жүргізілуде. Сондай-ақ Сыр маржанын Түркия мен Англияға шығару мәселесі қарастырылуда. Ирандық бизнесмендер бізден күріш сатып алу туралы шешімге келген және оның өндірісіне қаржы бөлуге дайын. Бұл жөнінде Мазандаран провинциясының басшыларымен келісілген болатын. Қармақшы ауданындағы «Ақтөбе и К» ЖШС күріштің «Таром Хошими» сортын сатып алып жатқан ирандық кәсіпкерлермен байланыс орнатқанына екінің жыл. Олар 2017 жылы күріштің осы сортын 100 гектар жерге өсірсе, биыл 300 гектар алқапқа егілді.

Ирандық кәсіпкерлермен Қазалы ауданындағы «Сыр Маржаны» ЖШС басшылығы да әріптестік қатынас орнатқан. Олар бірлесіп, заманауи ет комбинатын салуда. Онда етті бөлшектеп вакуумды қораптарға салып, сол күйінде шетелге шығарып тұратын болады.

Өзінің өнімін экспортқа шығарып отырған өңірдегі ірі кәсіпорындардың бірі ол, әрине, Қазалы ауданындағы «РЗА» АҚ. Оның еншілес кәсіпорны «РЗА-Агро» ЖШС 2013 жылы тұқым жөнінен сертификат алған болатын. Акционерлік қоғам өнімдерінің жоғары сапалылығы менеджмент жүйесі сертификаттарымен бекітілген, бірнеше мәрте облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі көрмелер мен байқаулардың дипломы және медальдарымен атап өтілген. Мұнда өнімді еуропалық нарыққа шығаруға жұмыс істеуде. Өндірген 5 мың тонна күріштің 4 мың тоннасын Ресейге, Тәжікстанға, Түркіменстанға және Өзбекстан мен Украинаға жіберіп тұрады. Бұл елдердегі әріптестердің алдын ала төлем жасап қоюы жолға қойылған. Олар биылғы

жылдың өнімі үшін де қаржы аударып қойғанын атап өту керек.

« АРАЛ ЖӘНЕ ҚАЗАЛЫ АУДАҢДАРЫНДА ЖЫЛДЫҚ ҚУАТЫ 17400 ТОННАДАН АСАТЫН БАЛЫҚ ӨНДІРІСІН ЗАМАНАУИ БІРНЕШЕ ЗАУЫТ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ. СОНЫҢ БІРІ – ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ «СПК ҚЫЗЫЛОРДА БАЛЫҚ» ЖШС. БҮЛ СЕРІКТЕСТІК 2011 ЖЫЛЫ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА СПК «ҚЫЗЫЛОРДА» АҚ-МЕН БІРГЕ БАЛЫҚ ФИЛЕСІН ШЫҒАРАТЫН ЗАУЫТ САЛДЫ. ҚАЗІРГІ КҮНІ 45 АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН КӨСПОРЫНДА БІР КҮНДЕ БЕС ТОННА БАЛЫҚ ТАЗАЛАНЫП, 2,5 ТОННА КӨКСЕРКЕ ФИЛЕСІ ДАЙЫНДАЛАДЫ. МҮНДА, СОНДАЙ-АҚ, БАЛЫҚ ФАРШЫН ДА ШЫҒАРУ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛҒАН. КӨСПОРЫН ЖАҚЫНДА АРНАУЛЫ ЕВРО-ҚОС АЛҒАН БОЛАТЫН.

– Жүргізіліп жатқан жоспарлы жұмыс жергілікті өнім өндірушілерге өнім сапасын жақсартып, экспорт көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, – деген П.Сыздықов қызылордалық өнім өндірушілердің экспортқа шығаратын тауарлары тізімінді есіп келе жатқаны қуантағынын жеткізді. Күріштен бөлек, біздің аймақтан көкөніс, бақшалық өнімдер, кебек, тұз, балық сыртқа жөнелтілуде. Бір кезеңдері бізде өнімді мүлде балық болмайтындай болып көрінген еді. Ал бүгінде шетелдіктерге 2493 тонна балық жөнелтілген. Өткен жылы Қызылорда қаласында мақсары майын өңдейтін зауыт іске қосылғанын еске сала кетелік. Ал бұылдан бастап ол өзінің өнімдерін Қытайға экспорттай бастады. Еуразиялық экономикалық одақтың балық, ет, сүт өнімдерін өндіретін, өңдейтін және малды экспорттайтын экспорттар реестрінде біздің 13 кәсіпорнымыз тіркелген. Ал ағымдағы жыл басынан бері ЕАЭО елдеріне және Қытайға экспорттар реестріне тіркелуге 36 шаруашылық арыз берді. Жыл өткен сайын олардың қатары арта түседі деген ойдам. Өйткені, облыста кәсіпкерлікті қолдау жылы үш жылға ұзартылды. Осы қолдаулардың қомақты бөлігі ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін ауыл кәсіпкерлеріне көрсетілуде.

Қазақстанға көрші мемлекеттердің арасында тұтыну рыногы алып Қытай, Ресей, Иран секілді елдер бар. Оларға Өзбекстанды да қосуға болады. Міне, осы мемлекеттердің нарығын ашылуы – қазақстандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне беріліп отырған үлкен мүмкіндік. Осы мүмкіндікті біздің Сыр елі аграршылары тиімді пайдаланады деп сенеміз.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

# КӨКТӨБЕЛІКТЕР КӘСІБІ САН САЛАЛЫ



алды. Осы жерде айта кету керек, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы аудандық филиалының басшысы М.Нұртазаев пен аудан әкімінің орынбасары Ғ.Сопбеков жақсы қолдау көрсетті, – дейді ауыл әкімі Боран Әбуов бізбен әңгімесінде. Ауыл басшысының айтуына қарағанда, ауыл тұрғыны Болатбек Бекташов өзінің «Адырбек» атты жеке кәсіпкерлігін ашып, «Бизнестің жол картасы» жобасымен оқудан өтіп,

– Ауыл тұрғындарын кәсіпкерлікке бейімдеу, отбасын жұмыспен қамту, ауылдың салық базасын ұлғайту, елді мекеннің ажарын түзету бағытындағы жұмыстар үнемі атқарыла беретін болады, – дейді ол өз сөзін әрі қарай жалғап. Күміс Қынашақызы құрған шаруашылықтағы алма бағы мен ет бағытындағы ірі қара малының өсімі және елді мекендегі сауда дүкендері мен Мурат есімді жігіт ашқан жаңа типті монша осы сөздің растығын дәлелдегендей.

Көктөбе ауылы тұрғындарының негізгі кәсібі мал өсіру мен егін егу. 2018 жылдың жарты жылдық есебі бойынша 2754 бас қой мен ешкі, 1546 бас жылқы, 323 құс басы бар.

– Осы екі шаруашылықты қабат алуден қатар, кішкене дүкен ашып, саудамен де тіршілік етудеміз, – дейді байырғы бригадир Бердіхан Тұрлыбеков. Көктөбе ауылының адамдары өз бейімдеріне қарай тіршілігін жасап келеді. Әсіресе, ауыл адамдары тары дақылын егу мен оны өңдеудің тәсілін жете меңгерген. Табыстық басымы да ауылға осы саладан түседі.

Ауыл әкімі Боран Әбуов көп сөздің емес, нақты істің адамы. Оны ауылдастары ауыл басшылығына оралуына ықыласты болып, өтініштерімен қайта шақыртып алған еді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ, Көктөбе ауылы.

# Мемлекеттік қызметкерлерге айыппұл салынды

Үстiмiздегi жылдың, сәуiр айында өткен Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес отырысында қаралған мәселелердің бірі жерге орналастыру қызметі болатын.

Жалпы палатаға кәсіпкерлерден келіп түскен өтініштерге жасалған талдау нәтижесі өтініштердің басым бөлігі жер қатынастар салаларындағы жергілікті атқарушы органдардың әрекетіне қатысты болатынын (27%), маңыздылығы бойынша екінші кезекте тұрған мемлекеттік сатып алу (23%) екендігін көрсетті.

Соның бірі – палатаға бір топ кәсіпкерлерден келіп түскен жерге орналастыру қызметін бәсе-

келестік ортада жүзеге асырудағы проблемалық мәселелер туралы ұжымдық арыз болатын.

Арызда ашық бәсекелестік ортада белгіленген жерге орналастыру қызметтерін бірқатар тапсырыс беруші мемлекеттік мекемелердің Жер кадастры және жылжымайтын мүлік техникалық тексеру департаментімен бір көзден шарттар жасасу арқылы алып, осы салада қызмет көрсететін өзге кәсіпкерлердің құқығы шектеліп отырғаны айтылған.

Кеңес мүшелері мәселені қарау барысында осындай бірнеше фактімен танысты. Атап айтқанда, Арал ауданы Ақирек ауылдық округі өткен жылдың қазан айында 16 млн 413 мың теңгеге жерге орналастыру қызметі бойынша жариялаған лотын алғашында электрондық конкурспен өткізіп, кейін облыс бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің ұсынысымен

деп тоқтатып, бір көзден алу тәсілімен Жер кадастры және жылжымайтын мүлік техникалық тексеру департаментіне берген.

Мұндай жағдай, жалпы құны 65 млн 317 мың теңгені құрайтын қызметті ұсынған Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі, сондай-ақ 52 млн 232 мың теңгеге қызмет ұсынған Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі тарапынан орын алған.

Негізгі жерге орналастыру қызметін тиісті рұқсаты бар кәсіпкерлік субъектілері көрсете алады. Алайда, мемлекеттік органдар қызметті ұсыну барысында тек монополиялық компаниялар ғана көрсете алады деген желеумен 1 ғана мекемеге беруді шешіп, тиісті құжаттарын тапсырған 20-ға жуық кәсіпкердің құқығы шектелген. Атап айтқанда, бәсекелестік нарықтық жұмысты, яғни кәсіпкер көрсете алатын мемлекеттік

орғанға берген.

Кеңес мүшелерінің бұл мәселе бойынша қабылданған резолюциясына сәйкес Сырдария және Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдерінің жерге орналастыру жұмыстары бойынша мемлекеттік сатып алуларының заңдылығына тексеру жүргізу, нәтижесі бойынша аталған мемлекеттік сатып алу қорытындысының күшін жою шараларын ұйымдастыру ұсынылды.

Бұл мәселеге қатысты кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Ғалым Едігеев: «Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сырдария, Қармақшы аудандық ауылшаруашылығы бөлімдерімен мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасай алатын бір көзден алу тәсілімен

мемлекеттік сатып алу заңсыз деп тану туралы сотқа талап арыз беріліп, ақшаға тыйым салу түріндегі талап қоюды қамтамасыз ету шаралары жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 207-бабымен Қармақшы ауданының ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Сабитбек Жолмаханов пен Сырдария ауданының ауылшаруашылық бөлімінің басшысы Нұрбек Әзірбекке жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде (240 500 теңге) әкімшілік айыппұл салынды», – деп пікір білдірді.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметі.



SUNBAT I

Заман талабына сай мемлекеттік қызметті оңтайландыру ұдайы болып тұратын процесс. Осындай кезекті оңтайландыру процесі осыдан төрт жыл бұрын жүзеге асырылып, нәтижесінде салықшылар, кеденшілер бір мемлекеттік органға біріктірілген болатын. Міне, сол атаулы күн қарсаңында облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Серік Мұстафаевпен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Серік Жолдасбекұлы, 14 тамыз Мемлекеттік кірістер комитеті құрылған күн. Бұл жартыжылдық жұмысты қорытындылайтын кезеңге тура келеді екен. Олай болса, өзіңіз басқарып отырған департаменттің биылғы жыл басынан бергі жұмысына тоқталып өтсеңіз...

саруы: өңдеу өнеркәсібі өнімдері (100,5%), құрылыс көлемі (115,9%), ауыл шаруашылығы өнімдері (102,7%) өсті. Кіші кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2664-ке немесе 6,4% артты. Салықтық және кедендік әкімшілендіруді күшейтілуі арқасында 14,2 млрд теңгенің қосымша кіріс көздері қамтамасыз етілді. Бизнеске қолайлы жағдай жасау аясында салықтық тексерулер 46% азайды, тексерулер нәтижесімен 8 млрд теңгенің қосымша салықтары есептеліп,

электронды форматқа көшуі бюджетті нығайтудың белгілі бір тетіктерін қамтамасыз етуде. Мысалы, электронды шот-фактура жүйесін қолданушылар қатары өсіп келеді. Қазіргі кезде бұл жүйені 3770 заңды тұлға (2017 жылдың 6 айында-2269), 3391 дара кәсіпкер және 8409 жеке тұлға, барлығы 15570 тұлға қолданып отыр (2017ж. - 10533). Кедендік декларациялаудың «АСТАНА-1» ақпараттық жүйесі де қазіргі кезде толықтай қолданыста. 2017 жылдың қазан



# ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ САЛЫҚТАН ҚҰРАЛАДЫ

қызмет түрлерін жеңілдету, оны алушыға қолайлы жағдай жасау. Мемлекеттік кірістер органдарының алдына қойылған бірқатар міндеттер осы мақсатқа жұмылдырылған. Жолдау аясындағы жобалардың бірі «Салықтың жиналуын көтеру» бойынша жұмыс қарқынды биылғы жылы да сақталуда. Нәтижесінде, облыс бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті 2018 жылдың 1 жартыжылдығында шоғырландырылған бюджетке 151,5 млрд теңге түсімін қамтамасыз етті, бұл өткен жылдың осы кезеңінен 45,8 млрд теңгеге артық. Оның ішінде мемлекеттік бюджеттің үлесі 61,3 млрд теңге, тапсырма 108,6% орындалды. Республикалық бюджетке түсірілген салық көлемі 33,5 млрд теңге, өткен жылдың осы кезеңінен 6,6 млрд теңгеге артық (орындалуы 103,4%), жергілікті бюджетке түсім - 27,8 млрд теңге болып құралды, өткен жылмен салыстырғанда 9,7 млрд теңгеге артық (115,7%).

алдыңғы жылдардағы сомаларды қосқанда 10,4 млрд теңге өндірілді. Салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерін өз еркімен орындауына қол жеткізу маңызды. Камералдық бақылау нәтижесімен 6 айда 6,7 млрд теңге қосымша есептелді. Биылғы жылдың жаңалықтарының бірі - IV деңгейлі бюджеттің енгізілуі. IV деңгейлі бюджеттің қалыптасуы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға бағытталған, ауыл, аудан халқының мүддесі үшін жасалған әлеуметтік маңызды шара. 2018 жылдан бастап Бюджеттік кодекстің 8-тарауы 52-1 бабымен толықтырылып, түсімдердің аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттері арасында бөлінуі белгіленді. Облыстағы 2000-нан астам тұрғыны бар 65 ауылдық округ бойынша бірінші жартыжылдыққа 484 млн теңге бюджет қалыптасты, яғни болжамды түсімінің орындалуы 137,6%.

айынан бастап «транзит» модулі тәжірибеге енгізілген: содан бері 2035 транзиттік декларация осы жүйеде өңделді. 2018 жылдың 1 қаңтарынан экспорт режимі, ал 1 сәуірден бастап барлық басқа режимдер электронды жүйеге көшті. 2018 жылдың 6 айында 1198 декларация (100%) электронды түрде ресімделді («экспорт» - 500, басқа режимдер - 698). Тауарды босату тәртібін, яғни «жасыл», «сары» немесе «қызыл дәлізді» жүйе өзі таңдайды. «Қызыл дәлізге» түскен тауарға қойылатын кедендік бақылау түрін де ақпараттық жүйе көрсетіп береді. Айта кетуге болады, бірінші жартыжылдыққа кедендік қарап тексерулердің тиімділігі 27% болған.

тергеу қызметінің қаржы, салық саласындағы құқықбұзушылықтарды анықтау тәжірибесі айтарлықтай. Жыл басынан бері департаменттің өндірісінде 184 істің сотқа дейінгі өндірісі жүргізілді. 122 іс (66,3%) аяқталып, 68 іс сотқа жолданды. Мемлекет бюджетіне келтірілген залал көлемі 1,2 млрд теңгеге бағаланса, 218 млн теңгенің қаражаты қалпына келтіріліп, 2 млрд теңгенің мүлкіне арест қойылды. Экономикалық қылмыстар қатарында мұнай мен мұнай өнімдерінің заңсыз айналымына қатысты 12 қылмыс тіркеліп, 7 іс материалы сотқа жолданды. Бюджет қаражатын қымқыру, мақсатсыз жұмсау және талан-таражға салу бойынша алғашқы өндірісі жүргізілді. Оның 37-сі аяқталып, 10 іс сотқа жолданды. Заңсыз ойын бизнесіне қатысты 17 қылмыстық іс тергелді. 12 істің өндірісі аяқталып, сотқа жолданды. Алкоголь өнімдерінің заңсыз айналымы бойынша 7 іс тергелді. 3 қылмыстық іс айып тау қорытындысымен сотқа берілді. 1 млн 174 мың бөтелке алкоголь өнімі заңсыз айналымнан алынды. 17 қылмыстық іс жалған

ақша фактілеріне қатысты қозғалған. Оның 15-нің өндірісі аяқталды. Қызметіміздің негізгі көрсеткіштері осындай. **Алдағы жылдары жалпы бірдей декларациялау жүйесі енгізіледі. Оған дайындықтың басым бөлігі өздеріңізге жүктелген. Бұл жұмыстар қалай жүреді?** - Елбасының халыққа Жолдауында атап көрсетілгендей, Қазақстан үшін жаңа мүмкіндіктер сандық технологияны меңгерумен тығыз байланысты. Жаңа форматтар мен озық идеялардың жүзеге асуы ізденіс және қатаң талап-сыз мүмкін емес. Көлеңкелі экономикаға қарсы тұрудың бір тетігі - жалпыға бірдей декларациялау жүйесі 2020 жылдан бастап енгізілетін болады. Бұл жүйені енгізудегі мақсат - жеке тұлғалардың табыстары мен мүліктерін тиімді бақылауға қол жеткізу. Сонымен қатар, азаматтардың табысы мен мүлкінің есебі ашық болуы салықтарды толық төлеуді қамтамасыз етеді және салықтық әкімшілендіруді барынша толық қамтуға мүмкіндік береді. 250.00 нысанды «Жеке тұлғаның активтері

мен міндеттемелері туралы декларациясы» бекітілді және жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кірген кезде декларацияда жеке тұлғалар көрсетуі тиіс ақпараттар тізімі анықталды. Декларация тапсырған кезде жеке тұлға өз атына тіркелген барлық жылжымайтын немесе жылжитын мүліктердің тиісті тіркеу деректерін (реквизиттерін) көрсетеді. Оған жердің кадастрлық нөмірі, орналасқан мекенжайы, автокөліктің маркасы, VIN-коды, қозғалтқыш көлемі, мемлекеттік нөмірі, банктегі қаражат сомасы немесе қолдағы өздеріңізге жүктелген жеке мүлкі мен шетелдегі мүлкі, заңды тұлғаларға қатысты құрылтайшы болуы немесе қатысу үлесі сияқты деректер толықтырылуы жатады. Декларацияның Қазақстан Республикасының кәсіпкерлік қызметіне қатысты барлық барлығы тапсырады. Ал, Қызылорда облысында шамамен 400 мыңнан астам адам тапсырады деп күтілуде. 2020 жылы әрбір жеке тұлға өзінің мүлкі мен табысының 2019 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайына байланысты декларация тапсырады. Президент Жолдауының және бір бағыты еңбек рыногының тиімділігін қамтамасыз етумен байланысты. Жұмысы мен күнкөріс көзін ресми түрде ресімдемеген тұлғаларды «көлеңкеден шығару» - мемлекет үшін ғана емес, сол тұлғалар үшін де тиімді. Қазіргі кезде осындай жандардың әлеуметтік жағынан қорғалу тетігін бір жүйеге келтіру үшін «Тұрғындардың күнкөріс көзін ресми айқындау мәселелері» бойынша заң жобасы жасалуда. Жыл соңына дейін Мәжілістің қарауына ұсынылатын осы заң жобасында мемлекеттік кірістер органдарының мүдделі тұстары бар, яғни салықтық және әкімшілік-құқықтық шаралар кешені қамтылуы керек. Өзін-өзі жұмыспен қамтитын тұрғындар үшін «Бірыңғай жиналғы төлем» (единный совокупный платеж) жүйесін енгізу - салықтық міндеттемелерді жеңілдетіп, МӘМС (міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) шеңберінде медициналық көмек және әлеуметтік төлем алуға құқық береді. Қазіргі кезде, облыс бойынша күнкөріс көзі айқындалмаған азаматтардың (2017 жылдың 01 шілдесіне 38500 адам болған) мәртебесін анықтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Биылғы жылдың 1 шілдесіне адамның мәртебесі

анықталды. Бұл ауқымды шараны жүргізу үшін біздің мамандар тарапынан көше аралап, үй жағалап жүру әдісі де қолданылуда. **Мемлекеттік кірістер органдары қызметінің басты нәтижесі не?** - Халқымыздың саны өсуде, жақинда ғана Қазақстан халқы 18 миллионнан асты деген дерек пайда болды. «Бір қозы туса - бір түп жусан артық шығады» деген мақал бар халқымызда. Сол бір түп жусан өсіп, сол қозынның аузына түсуі үшін жұмыс жасайтын бірден-бір мемлекеттік органбыз, ел бюджетінің кіріс бөлігін қалыптастырамыз. Сондықтан, міндеттеріміз үлкен, ірі жұмыстарымыз бар алда, ал жұмыстың жолға қойылуы үлкен еңбектің арқасында мүмкін болады. Яғни, жұмыс жалғаса береді, біз еңбектен береміз деген сөз. Мемлекеттік кіріс органдары - маңызды мемлекеттік құрылымдардың бірі болып табылады. Елдің қаржылық ахуалының тұрақтылығы ең алдымен осы саланың жемісті қызмет етуіне қатысты. Ал біздің жұмысымыздағы басты көрсеткіш бюджетке түсім болып саналады.

«Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару органдарының реформалау туралы» ҚР Президентінің 2014 жылғы 6 тамыздағы №875 Жарлығына сәйкес ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті құрылды. Осыған орай, салық және кеден органдары біріктірілді. Елбасының Жарлығына сәйкес құрылған Мемлекеттік кірістер департаменті қызметінің ауқымы кеңейді. Ендігі жерде біз салық және кеден қызметтеріне қоса, қаржы полициясына тиесілі болған экономикалық зерттеумен де айналысып келеміз. Бұл жұмыстардың нәтижесін жоғарыда келтіріп кеттім. Осы орайда, мемлекеттік кірістер органдары құрылған атаулы күн қарсаңында жемісті қызмет атқарып, ортақ қазынамызды - бюджет қорының молданып отырып есептеуіне еңбек етіп жүрген барлық әріптестерімді шын жүректен құттықтаймын және олардың еліміздің игілігін көтеруге бағытталған еңбектеріне табыс тілеймін.

Сұхбатыңызға рахмет!

Әңгімелескен Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

# ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН, УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН



Сонымен қатар, ҚР Парламенті Сенатының депутаты Б.Еламанов, білім саласының ардагері Г.Әбілова ауданның 90 жылдық мерейтойында аудандан шыққан даңқты тұлғаларға құрмет көрсету - «Рухани жаңғырудың» жарқын көрінісі екенін атап өтті. «Парасат» алаңында аудандан шыққан Кеңес Одағы Батырларының, Социалистік Еңбек Ерлері мен мемлекет және қоғам қайраткерлерінің ескерткіштері біріктіріліп, олардың қатарында халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов, сатира сардары Асқар Тоқмағанбетов, қазақ

поэзиясының көрнекті тұлғасы Әбділда Тәжібаев, Кеңес Одағының батыры Нағи Лиясов, Жаппасбай Нұрсейітов, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қызылорда облысының «Құрметті азаматы» Бекайдар Жүсіпов, Социалистік Еңбек Ерлері Балдырған Мұстапаева, Күләнда Әбдіраманова, Цой Ги Ха, Қасым Бөдеев, Дүйсенбай Керейтбаев, Ибадулла Ақниязов, Ахмет Халықовтардың ескерткіштері бар. Алыс-жақын қалалар мен шетелдерден келген меймандар «Тағзым» алаңында орналасқан «Құрметті азаматтар» аллеясы мен «Еңбек даңқы» музейінің жұмысымен танысты.



Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласынан туындаған мақсат-міндеттер аясында ашылған алаңда «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағын иеленген азаматтардың есімі жазылған. Оған елімізге белгілі ғалымдар, жазушылар, мәдениет, өнер қайраткерлері, тарихшылар, зерттеушілер, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер, қоғамдық кеңес төрағалары қатысты.

Ғылыми практикалық конференцияның ашылуында Сырдария ауданы туралы деректі фильм көрсетілді. Шара барысында облыстық мәслихат хатшысы Н.Байқадамов

мерейтойға арналған ҚР Мемлекеттік хатшысы Г.Әбдіқалықованың, облыс әкімі Қ.Көшербаевтың құттықтау жеделхатын оқыды. Конференция барысында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы С.Шаухаманов, еңбек ардагері Д.Айсина қойнауы қазынаға толы, жері киелі, тарихи шежірелі Сырдария ауданы - Сыр өңіріндегі іргелі, алдыңғы қатарлы аудандардың бірі екенін атады. Ауданда тұрғындар игілігі үшін соңғы жылдары жасампаз жұмыстар атқарылуда. Халық бірлігінің нәтижесінде жүзеге асқан еңбекті өзге өңірлер өз тәжірибесіне енгізіп жатқаны қуантады, - деді ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Конференция барысында Сырдария ауданының 90 жылдығына орай жарыққа шыққан «Сырдария II» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Кітаптың алғашқы даналары құрметті меймандарға және де аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры М.Омаров пен аудандық орталық кітапхананың директоры Г.Нұржақиеваға тапсырылды. «Сырдария II» кітабы 1000 дана таралыммен шықты. Онда тарихи терең ауданның әр жылдардағы жетістіктері кеңінен жазылған. Сонымен бірге, аудандан шыққан еңбек меймандарының өмірбаяндарынан мәліметтер келтірілген. Шара алдында «Қаламы қарымды тұлғалар» атты әдеби кешпен жалғасын тапты. Көрнекті қаламгерлер Қалтай Мұхамеджанов пен Әбіраш Жәмшішевтің прозалық және шығармашылық әдеби өмірін арқау еткен кеште белгілі ақындар мен әдебиеттанушы ғалымдар сөз сөйледі. Кеш соңында Қ.Мұхамеджановтың «Бөліткі» бөрік астында» атты спектаклі қойылды.

Тойдың қызығы ат бәйгесімен толықты. С.Сейфуллин ауылында өткен аламан бәйгенің бас жүлдесін Жамбыл облысынан келген шабандоз Тоқтар Рәтпек иеленді. II орынды жамбылдық шабандоз Сайлау Нұр енілесе, III орынды қоғалықкөлдi Жандос Бақбергiн алды. Сонымен бiрге, мәрeгe төртiншi жеткен аралдық өтеш Ерлан 200 мың теңге иеленді.

Кешке аудан мерейтойы жергілікті өнерпаздар мен эстрадалық жұлдыздарының концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты. Айта кету керек, кеше басталған мерейтой бүгін де жалғасын табады. Спорттық жарыстар, аудандық жастарының танымал тұлғалармен кездесуі, театрландырылған көрініс, гала-концерт, лазерлік шоу мерейтойдың көрігін қыздыра түспек.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ, «Сыр бойы».



# КӨМІРДІҢ ҚҰНЫ ҚАНША?

Жылына 100 млн тоннадан аса көмір өндіретін елімізде бұл отынға қатысты күрделі мәселе жыл сайын көрініс беріп тұрады. Әсіресе, күз мезгілінде.

Былтыр облыс тұрғындары көмір таппай, тапса да дұрыс жанбай айтарлықтай әуре-сарсаңға түскені бар. Тіпті, оның құны әжептәуір көтеріліп, тұрғындардың наразылығын тудырды. Бұл орайда облыс әкімі жағдайдың жай-жапсарын сыңға алып, тиісті атқарушы органдарға қатаң тапсырма берген болатын. Өткен жылғы оқилықтық болдырмауда қазір қандай амал жасалып отыр? Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мамандары 2018-2019 жылдардағы қажетті көмір қоры жоспар бойынша 264,9 мың тоннаны құрайтынын айтады. Оның ішінде, әлеуметтік-мәдени нысандарға 57,8 мың тонна, жергілікті тұрғындарға 207,1 мың тонна көмір қажет. Білуімізше, әлеуметтік нысандар мен тұрғындарға жеткізілетін көмір қорының кестесі әзірленіп, маусым айынан бастап оны жеткізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Алдын ала келісімі бар көмір жеткізушілер қателікке бой алдырмайды деп сенеміз, - дейді мамандар. Сондай-ақ олар көмір тапшылығын болдырмау әрі қолайлы бағада алу үшін тұрғындарға осы кезден бастап қозғалу қажеттігін сұрайды. Өйткені, қазір қатты отынның бағасы 15 процентке төменірек. Алған көміріңізді күн сәулесі мен жабырдан қорғап, жабық шатырдың астында сақтау қажеттігін де ескертеді. Облыста тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала нысандарының 2018-2019 жылғы жылу беру маусымына дайындығын уақытылы әрі сапалы өткізу мақсатында облыс әкімінің өкімімен облыстық штабтың құрамы жасақталып, іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспарға сай, тіршілікті қамтамасыз ету үшін нысандар «Қызылорда жылуэлектрорталығы», «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы», «Қызылорда су жүйесі», «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-да жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Олармен қатар, 1166 әлеуметтік нысанға, оның ішінде 495 білім беру, 406 мәдениет, 266 денсаулық сақтау нысандарында күрделі және ағымдағы жөндеулер жасалуда.

Н.САФАТҰЛЫ.





MAIDANGER I

Ұшы-қыры жоқ ну орман жым-жырт тыныштық құшағында мүлгіп тұр. Желмен тербелген зәулім талдардың жапырағынан күн көзі зорға көрінеді. Айнала өзгеше, рахат күйге бөленгендей. Табиғаттың дәл осы сәттегі ана уызына тойып маужыраған нәресте тектес кейпіне қарап маңайда қанды-қырын соғыс жүріп жатыр десе, сенбес едіңіз. Алайда, амал қанша? Бірін-бірі жыртықшан бетер жұмалап, қыршын боздақтардың қызыл қанын судай ағызған Ұлы Отан соғысының кәріне мінген шағы.

қарсылығына кездеспеген олар тіпті бейғам. Жыланша ирелеңдеген жол бұлардың дәл жанынан өтеді екен. Ортаңғы машина тосқауылда жатқандармен қатарласа бергенде Гольвин граната байламын құлашын кере лақтырып, машина кузовындағы неміс солдаттарының аяғының астына деп түсірді. Гүрс еткен жарылыспен қатар бал-



Пулеметтің ұңғысын бұтамен мұқият қымтап тастаған Ақайдар Аймағамбетов жасыл желек жамылып, өзімен бірге тосқауылда жатқан қарулас серіктерін көзінің қырымен шолып өтті. Рота командирі, аға лейтенант Гольвиннің аққуба өңі өрттей алаулап, қалың қабағы жауар бұлша түнеріп кетіпті. Бұған дейін біршама шайқасты басынан өткізген командир өзінен пәрмен болмайынша тыр етпеуді баршаға сап арқылы қатаң бұйырған еді. Командирдің жанындағы Ахмедовтің жанары мұның көзімен түйскенде, өзбек жігіті жымияп қойды. Осынау ақкөңіл мінезді Ахмедовтің соғыстан кейін бәрін Ташкентке қонаққа шақырып, палаумен сыйлайтынын айтып ауыз жаппайтыны еске оралғанда Ақайдардың да езуіне күлкі ұялады. Тізбектің сол қанатында жатқан тағы бір пулеметші Кованчук алып денесін серіппеше жиырып алыпты. Тура құрбандығына атылғалы тұрған барыс дерсің, Әскерге дейін аңшылық кәсіпке айналысқан оның бойы жауна деген өшпенділік билегені күдірейген желкесінен де сезіліп тұрғанды.

Міне, бірнеше мотоциклге мінген неміс солдаттары бұлардың жанынан көліктерін тырылдытып өте шықты. Олардың жау әскерінің шолғыншылары екенін түсінген Гольвин «тісіуге болмайды!» дегендей басын шайқаған. Әккі командир қателеспепті. Көп ұзамай төрт бірдей жүк машинасына мінген гитлершілер де көрінді. Бұған дейін совет солдаттарының қатты

РУХАНИ ЖАҒЫРУ



жол бойы басқыншылардың өлігіне толып кеткен еді. Алайда осы ұрыста Ахмедов оққа ұшты. Ажалды түйіршік маңдайына қадалған ажарқын өзбек жігітінің ашық қалған жанары өмірдің жаңғыры екенін қайтара еске түсірген.

Тағы бірде бұлардың рота-сы кезекті рет жау қолының алдын тосты. Бұл сапарда жол-

қызмет ететін 336-шы атқыштар полкі де бар) үлкен шоғырын қоршауға алыпты. Жағдай күрт өзгерді. Әскери басшылық шағын топтарға бөлініп, қоршауды бұзып өтіп, негізгі күшке қосылуды бұйырды. Жанын шүберекке түйген совет солдаттары бұл тапсырманы мүлтіксіз орындады. Сан мәрте күші басым жау қолымен шайқасқа отырып, қоршауды жарып өтті.

Қазалының батыр түлегі Ақайдар Аймағамбетовтың жауынгерлік жолы жалғаса берді. Атақты Ленинград қаласы маңындағы шайқасқа қатысты. Осы қаланың маңындағы Пушкин селосы үшін болған

тасқан жағдайдың ауыр екенін саны тым аз батальон құрамынан да аңғаруға болатын. Әрі жауынгерлердің қару-жарағы да тым мардымсыз. Қыс мезгілі. Солдаттарға шаңғымен жүру тапсырылды. Қазақтың кең жазира даласында туып-өскен ауыл баласы бұрын-соңды шаңғы тепкен деймісіз?! Теп-пек тұрмақ, шаңғы дегеннің қандай болатынын тұңғыш рет көруі. Десе де табиғатынан зерек Ақайдар көп ұзамай шаңғы тебуді үйреніп қоймай, қатты жаылдамдықпен жүріп келе жатып автоматпен нысанға дөп тигізуге тәсәлді. Н. деревнясын азат ету кезінде шаңғымен жүлдіздай аққан Ақайдар Аймағамбетов батылдығымен ерекше назарға ілікті. Ал ерліктің ескерусіз қалмасы тағы рас.

ПУЛЕМЕТШІНІҢ ТАҒДЫРЫ



дари болды. Фин соғысына қатысып, мол тәжірибе жинақтаған рота командирі Гольвин қашанғысындай жақындатып алып, соққы беру тәсілін қолданды. Күтпеген жерден жасалған айла өз жемісін берді. Жау әскері алды-артына қарамастан, тырағайлап қашты. Бірнеше солдат пен офицерді тұтқынға алған 3-і рота полкке келгенде, қолайсыз хабар естіді. Жау әскері майданның өзге тұсында шабуылға шығып кеңес әскерлерінің (арасында Ақайдар

шайқас кейін көпке дейін Ақайдардың түсіне еніп жүрді. «Адамның басы - Алланың добы» деген рас екен. Траншея маңына жарылған минометтің жарқыншағынан оң қолы жараланып, госпитальға түскен Ақайдар осы жолы өзінің қарулас серіктері Есенов пен Ивановтың мерт болғанын есіні жиганда есітті.

Госпитальдан соң біздің кейіпкеріміз атқыштар батальонының құрамына жіберілді. Майдандағы қалып-

Мұнан соң Ақайдар танкіге қарсы қолданылатын қарудың көздеушісі болып шайқасқа түсті. Бұл жерде де ерлігімен ерекшеленді. Бір ұрыс кезінде көрсеткен тапқырлығы, батылдығына орай полк командирі Аймағамбетовтың отбасына ризашылығын білдіріп, хат жолдады. Бұл сол кездегі өлшеммен қарасақ өте зор құрмет-тұғын. Мамыражай мамыр күні ауыр жарақаттанған Ақайдар ұзақ уақыт емделген соң елге оралды. Кешегі батыр жауынгер бейбіт күннің озағы атанды. Мал да бақты, күрші те екті. Абыройға бөленді. Соғыста алған наградаларын енді «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері, көптеген медальдар толықтырды.

Жылжып жылдар өтті. Ақайдар Аймағамбетовтың өмірден өткеніне де біршама уақыт болды. Алайда ұрпақ үшін майданда қан кешіп, бейбіт күнде тер төккен атамздың есімі елінің есінде мәңгі сақтаулы.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Қазалы ауданы.

KONFERENTSIA I

Ардагер-журналистің рухани мұрасы

Кеше Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында Сыр өңіріне белгілі журналист, публицист, қоғам қайраткері Мырқы Исаевтың 90 жылдығына арналған «Мырқы Исаевтың рухани мұрасы» атты ғылыми-танымдық конференция өтті.

Конференцияда «Иса Тоқтыбаев - М.Исаев зерттеулерінде» тақырыбында Қорқыт ата атындағы ҚМУ доценті, тарих ғылымдарының докторы Сәтбай Дастанбек, «Мырқы Исаев поэзия жанрында» деген тақырыпта университет доценті, филология ғылымдарының кандидаты Айман Айтбаева, «М.Исаев - Те-

кей батыр мұрасын алғашқы зерттеуші» тақырыбында университеттің ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Бақытжан Ахметбек баянда жасады. Сондай-ақ конференцияда ардагер-журналист туралы Қазақстанның халық ақыны Надежда Лушикова, облыстық

«Сыр бойы» газетінің бөлім басшысы Ж.Ақсақалов естелік пікірлерін білдірді. Сол күні ардагер-журналистің ұрпақтары әке рухына арнап, жиналған жұртшылыққа ас берді.

Ж.ӘЛМАХАН.



KEZDESU I

АРАДА ӨТКЕН ҚЫРЫҚ ЖЫЛ

Осыдан тура 40 жыл бұрын С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің республика бойынша жалғыз журналистика факультетін тәмамдап, қанат қаққан түлектер ару қала - Алматыда бас қосты.



Иә, халқымызда қырық саны қасиетті саналатыны жасырын емес. Бізден бұрынғы және кейінгі бітірген қалам иелері 10, 20, 30, 40 жылдық кездесулерін жасап жатқанда, курстастарымыздың бірден қырықжылдыққа тоқтам жасағаны содан да болар. Сонау жетпісінші жылдардың басында еліміздің әсем астанасына арман қуып жеткен қызғалдақтай құлпырған қыздар мен өрімдей жас жігіттер пайғамбар жасқа жетіп, енді бірқатары жетпістің желкесінен қарай бастағанда осындай қуанышқа ортақтау бұйырды.

пен Тауман Амандосов атындағы аудиторияларға аялдап, жұрфактың қос тірегі болған ғұламаларды сағынышпен

еске алды. Бұдан кейін университет кітапханасындағы салтанатты жиында бірінші топ кураторы болған Тұрымтай

Дүйсебаева, кино ісіне баулыған ұстаз Қоянбек Ахметов, факультет деканы Сағатбек Медеубекұлы сөз алып, соны дәстүрді жалғастырып отырған 78-ші жыл түлектеріне ризашылықтарын білдірді. Қасиетті жұма күніне тура келген кездесу бағдарламасына сәйкес «Нұр-Мүбәрәк» мешітіне барып, өмірден озған ұстаздарымыз бен курстастарымыздың рухына құран бағыштадық. Ертеніе курстастар бес жыл студенттік өмірді өткізген ару Алматыны аралауға шықты. Тұңғыш Президент паркінен басталған саяхат «Меду» спорт кешені мен Орталық саябақта жалғасты.

Иә, қайран уақыт өз дегенін істейді екен. Қатарымыз біршама сиреп қалыпты. Алматы қаласындағы «Molnia&DOS» ЖШС баспаханасынан шығарылған «Біз» деген кітапта түлектердің тауылымды жолдарынан сыр шертетін өмірбаяндық эсселер, олар жайлы жазылған мақалалар мен сұхбаттар, естеліктер топтастырылған.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ, Қазақстанның мәдениет қайраткері.

REID I

Қызылордалық полицейлер облыс орталығына қарасты саяжайларда және Жаңақорған ауданындағы Шалқия кентінде бірқатар профилактикалық шаралар ұйымдастырды. Тыныштық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында өткізілген шара барысында ішкі істер органдарында есепте тұратындарды тексеру жұмысы да жүргізілген.



ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Саяжайларға жасалған рейдтік тексеруде, полиция қызметкерлері 149 үйді аралап, тұрғындармен кездесті. Автопатрульдер іс-шара кезінде 6 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтаған. Сондай-ақ, аңшы мылтығы бар қару иелері мен ІПО-да есепте тұратын азаматтар тексеріліп, жеке кездесулер өткізілді. Бұл жұмыстар Талсуат саяжайында жалғасты. Жауапты мамандар 290 үйді аралап, тұрғындармен кездесті. Тексеру кезінде 24 әкімшілік құқықбұзушылық анықталып, айыптылар жауапқа тартылса, қаруды сақтау ережесін

бұзғандарға әкімшілік айыппұл салынды. Сондай-ақ, ауылдық округте тиісті құжатсыз құрылыс жұмысын жасап жүрген шетел азаматтары анықталып, олардың жеке басын анықтау мақсатында ҚШБ-ның қабылдау-тарату орнына тапсырылды. Шалқия кентінде ұйымдастырылған рейд кезінде 707 пәтер мен 689 үй тексеріліп, тұрғындар тізімі алынды. Жеке аңшы қаруы бар азаматтар тексеріліп, әртүрлі құқық бұзушылық жасағаны үшін 26 адамға қатысты әкімшілік хаттама рәсімделді.

Кент орталығында орналасқан мекемелер мен жеке тулғаларда келісім-шарт бойынша жұмыс істеп жүрген азаматтардың елімізде болуы заң бойынша тексерілді. Нәтижесінде Қазақстан Республикасында тұру ережесін бұзған 4 азамат анықталып, Жаңақорған АІП-не жеткізілді. Аталған аумақтарда тексерілмеген нысандар бар, сондықтан, кешенді профилактикалық шаралар әлі де жалғасатын болады.

Айдана ЖҰМАДИНОВА, «Сыр бойы».

ЖОБА

«ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ ҚОСЫМША ШАРАЛАРЫН ҰСЫНУ ТУРАЛЫ» ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 16 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 295 ШЕШІМНІҢ КҮШІН ЖООУ ТУРАЛЫ

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: 1. «Әлеуметтік қолдаудың қосымша шараларын ұсыну туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі № 295 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5191 нөмірімен тіркелген, 2015 жылғы 31 қазанда «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде, 2015 жылғы 10 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын. 2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Table with 2 columns: Қызылорда облыстық мәслихатының сессия төрағасы (Р. Байназарова) and Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы (Н. Байқадамов)

ЖЕКЕШЕ ӘРІПТЕСТІ АЙҚЫНДАУДА ҚАЙТА ЖАРИЯЛАНҒАН КОНКУРСТЫҢ ӨТКІЗІЛМЕГЕНДІГІН ХАБАРЛАУ

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығы 113 тармағының 1), 2) тармақшаларына сәйкес төмендегі 7 мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын конкурстың өткізілмегендігін хабарлайды. Атап айтқанда, - Арал ауданы Шижаға ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; - Қазалы ауданы Кәукей ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; - Қазалы ауданы Бозкөл ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; - Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; - Қармақшы ауданы Жаңажол ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; - Жалағаш ауданы Мырзабай ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; - Шиелі ауданы Бекежанов ауылдық округіндегі дәрігерлік амбулаторияның құрылысы; \*\*\*

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР-ның Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығының 113-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, «Жеті аудандық орталық ауруханаларды және ШЖҚ КМК №6 қалалық аурухана» медициналық техникамен жарақтандыру», «Қызылорда облысының консультативтік-диагностикалық орталығы» ШЖҚ КМК, «Қызылорда облысының туберкулезге қарсы диспансер» ММ медициналық техникамен жарақтандыру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша белгіленген мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға бірде-бір әлеуетті жекеше әріптестерден конкурстық өтінімдердің түспеуіне байланысты өткізілмеген болып есептелді.

ТЕНГЕ МОНЕТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАУ АКЦИЯСЫ

Б.Асқар көшесі, 30 үй мекенжайы бойынша орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қызылорда филиалында 2018 жылдың 8 тамызынан бастап ұлттық валюта - теңге монеталарын қабылдау акциясы басталады. Барлық ниет білдірушілерге жиналып қалған (1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 теңге) монеталарды комиссиясыз банкоматтарға айырбастауға мүмкіндік беріледі, сондай-ақ бағалы металдан жасалған монеталар сатып алуға болады. Анықтама телефондары: 55-15-28, 55-15-25 (ішкі 3122, 3123).

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 19.07.2018 жылғы ұйғарымымен «Tatyrn Ruler» ЖШС-на (БСН 120440002639) қатысты оналту рәсімін енгізу туралы азаматтық іс қозғалды. Талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданды: Қызылорда қаласы, Панфилов көшесі, 26 үй, «Tatyrn Ruler» ЖШС.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

САТЫЛАДЫ

Өлшемі 3м\*5м LED экраны сатылады. «Қызылорда» қонақүйі жанында. Хабарласу тел.: 8 777 224 377.

КІРПІШ САТЫЛАДЫ

Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған М-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Өлшемі 250x120x88 мм, 250x120x65мм. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы, Қазақстан Журналистер Одағының облыстық филиалы белгілі қаламгер, Қазақстан Журналистер Одағының және Халықаралық Жазушылар Одағының мүшесі, Шиелі аудандық «Өскен өңір» газетінің бұрынғы бас редакторы Алтай Нуриддинұлы Айыптың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. \*\*\*

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы «Шаруашылық жұмыстар жөніндегі басқармасы» бас инженер Орынбаев Қанатқа інісі Орынбаев Рүстем Құлмағамбетұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. \*\*\*

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы «Физика-математика» кафедрасының профессоры ф.м.ғ.к., Тұрбаев Боранбайға апасы Тұрбаева Гаукар Есмаханбайқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облыстық тері-венерология диспансерінің ұжымы диспансердің зертхана бөлімінің менгерушісі Дүйсенбаева Перуза Қамысбайқызына әкесі Қамысбайдың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Тамыз айының 10-шы жұлдызы қазақтың біртуар ақыны, халық дана деп қадірлеген, дара деп құрмет тұтқан Абай Құнанбайұлының өмірге келген күні.



## АБАЙ МҰРАСЫ – АДАМЗАТТЫҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақ екі адамды хәкім деп атайды. Соның бірі – әңгіме арқауына айналып отырған Абай ағамыз. Ол кісі 1845 жылы Шығыс Қазақстан облысындағы Шыңғыс тауының баурайында дүниеге келді. Абай – үлкен тақырып. Оның философиялық әлемі, өлеңдегі табиғаты, лирикасы, әндері, тағысын-тағы таусылмайтын қыры мен сыры көп. Сол себепті, ақынның өмір жолы мен шығармашылығына қысқаша тоқталғанды жөн санадық.

Хәкім Абай Ғабитхан молданың ұлы, 10 жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне оқуға барған. Ол жерде араб, парсы тілдерін үйренді. Сонымен қатар, Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, Физули секілді басқа да шығыс классиктерінің шығармаларымен танысады. Мұнан кейін Семейдегі «Приходская школаға» түсіп, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, Ф.М.Достоевский шығармаларын оқып, Гёте, Байрон мұраларына ден қойды.

Абай Құнанбайұлының өмір жолымен таныс адам оның 13 жасында әкімшілік билікке араласқанын жақсы біледі. Ел ішінде жүріп, отаршыл Ресейдің қол астындағы халқының ауыр

тағдырын көріп өсті. Сол себепті, қайтсе де елмен бірге болуды жөн санады. Ол 1875 жылы Қоңырқөкшеште өткен сайлауда жеңіске жетіп, 1878 жылға дейін болыс болды. «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген Абай уақыт өте келе алаңсыз шығармашылықпен айналысуға

бел буады. Ол «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры» сынды өлеңдер жазып, табиғаттың төрт мезгіліне бірдей қалам тартқан алғашқы қазақ ақыны. Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегіз аяқ» секілді өлеңдерінен сол кездегі әлеуметтік жағдайды, келешекті

көруге болады. Абай Шығыс елдерінің әдебиетін терең меңгереді. Соның нәтижесінде Шығыстың екі хикаясының желісімен «Масғұт» және «Ескендір» деген поэмалар жазды. Орыс классиктерін оқып, оларды қазақ тілінде сөйлетеді. Абай Крыловтың бір топ мы-

салдарын, Пушкиннің «Евгений Онегиннің» үзінділерін және Лермонтов, Буниннің шығармаларын аударған. Абайдың ән шығармашылығы қазақтың халық музыкасында ерекше орын алады. «Сегіз аяқ», «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» сияқты әндерін халық жақсы біледі.

Хәкім Абай өмірінің соңғы жылдарында «...кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі...» деп қара сөз жазуды қолға алды. Оның қара сөздері алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарияланды. Сонымен қатар, орыс, қытай, француз сынды көптеген әлем елдері тілдеріне аударылды.

Қазақ әдебиетінде бүгін бір дәуірдің басында тұратын ақын 1904 жылы туған жерінде қайтыс болды. Сүйегі Жидебайға қойылды.

Оның есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётемен қатар тұрады. Себебі, оның әдеби мұрасы бүкіл адамзаттың рухани қазынасына айналды.

А.АҚЫЛБЕК.

## АРДАГЕР АТЫ АРДАҚТАЛДЫ

Шиелінің Ы. Жақаев ауылында Сыздық Боқаев атындағы көшеге қойылған ескерткіш-тақтаның ашылу салтанаты болды. Мұнан кейін мәдениет үйінде қазіргі Жақаев ауылының ең алғаш қауымдасуына ұйтық және ең алғашқы төрағасы болған азаматтың өмірін сан қырынан ашып көрсеткен ғылыми-танымдық конференция ұйымдастырылды.



Ескерткіш-тақтаның ашылуында аудан әкімі Ә.Оразбекұлы сөз сөйлеп, ұрпақтың отаншылдық сезімін нығайтуға шақырар шара мәніне тоқталды.

Шиелі ауданына биыл 90 жыл толғалы отыр. Осы уақыт аралығында бұл өңірде небір айтулы оқиғалар, қоғамдық өзгерістер орын алды. Осы жолда халқы үшін еңбек сіңірген көптеген өнегелі азаматтар болды.


Сол ардақтыларымыздың қатарында «Қызылту» колхозының іргесін көтеріп, ұжымдық тіршілікке ұйтық болған Сыздық Боқаев ағамыз бар. Солардың ісін жаңғыртып, есімін еске алып отыру – біздің бүгінгі парымыз, – деді аудан басшысы. Сонан соң бірқатар ардагерлер естеліктер айтты.

Ауылдық мәдениет үйінде Сыздық Боқаев атындағы шахматтан ардагерлер арасында жарыс ұйымдастырылды. Алғашқы сөзді жазушы, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, Шиелі ауданының Құрметті азаматы, Сыздық Боқаевтың ұрпағы Қуандық Түменбай алды. Қарияның өзінен өрбіген балаларына терең білім беріп, әрқайсысының өмірден өз орнын табуына, парасатты азамат болуына жол сілтеген өнегесі де сөз етілді. Жиын барысында Алматы қаласы тіл басқармасының төрағасы Мамай Қани, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сұлтанбек Оразымбетов және басқа да азаматтар сөз сөйледі.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ,  
Шиелі ауданы,  
Ы.Жақаев ауылы.

## ЖӘРМӨНКЕ ӨТЕДІ

Бүгін сағат 8.00-ден бастап Жалағаш ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен Ә.Қашаубаев көшесінің бойында (Жетікөл көшесімен қиылысы) ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өткізіледі.



## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазалы ауданының Әйтеке би кентінде қалааралық «Қазалы Керуен» автовокзалы 2018 жылдың 1 қазан күні ашылатынын хабарлайды.

Автовокзал ғимаратының ішінде - сауда орындары, аумағында - сауда павильондары, техникалық жөндеу станциялары жалға (оның ішінде сатып алу құқығымен) берілетінін хабарлайды. Қала-аудандық көлік-такси, микроавтобус көліктеріне - автотурақ бойынша сұраныс бірінші кезекте ескеріледі.

Байланыс телефондары: 8(7242) 26-37-87; 8 775 392 12 56; 8 700 111 67 59; 8 702 224 31 33; E-mail: kazaly-keruen@mail.ru

(10-3)



## Шөлді жерде бақ өсірді

Жалағаш ауданына қарасты Таң ауылындағы «Манақ баба» шаруа қожалығы жасыл технология игілігі арқылы сортаң жерді жайқалған жасыл желекке айналдырып отыр.

Аталған жоба бойынша шаруа қожалығына қарасты 8 гектар алқап қалпына келтірілген.

Қазіргі таңда онда 3 гектар алма бағы және қалған бөлігінде көкөніс дақылдары егілген. Мұнда күн сәулесі мен жел энергиясынан қуат алынады. Бұл жоба Біріккен Ұлттар

Ұйымының қолдауымен жүзеге асуда. Айта кетерлігі, егістік алқабында тамшылатып суару әдісі қолданылады. Баламалы энергия тереңдігі 330 метрлік ұңғымадан су шығару үшін қойылған. Шығарылған су 90 метрлік бассейнге жиналып, сонда арнайы құрылыс арқылы

тазарғылады. Содан кейін шаруашылық игілігіне айналады. Егін де су ішеді, малға да су беріледі. Ауыз су қажеттілігіне де жарап тұр.

«Біз мұнда 3 гектар алқапқа алма бағын өсіріп отырмыз. Алманың көптеген сорттары бар. Польшадан алып келген алма да бар. Өнімділігі жоғары. Гектарына 3 тоннаға дейін өнім жинаймыз. Сондай-ақ, алманың «жартылай ергежейлі» деген түрінен алдағы жылы өнім аламыз деген жоспар бар», – дейді шаруа

қожалығының төрағасы Сәкен Шағыртаев.

Оның айтуынша, күн мен жел энергиясынан 40 кВт энергия алынады. Күн көзі аз түскенде, дизельді генератор іске қосылады. Шаруа қожалығы осылайша жаңа технологияның зор игілігін көріп отыр. Мұнда су мен энергияға жұмсалатын шығын 29 млн теңгеге дейін үнемделеді екен. Тағы бір айта кетерлігі, ауаға бөлінетін зиянды зат мөлшері де кеміген.

«СБ» ақпарат.



Кезекші редактор Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ  
қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41  
экономика – 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат – 70-00-73  
жарнама – 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28732  
Тапсырыс №1270

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz